



## ПРЕЗИДЕНТ ЦИФРЛЫҚ ҮКІМЕТ ОФИСІНЕ БАРДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық аналитикалық және цифрлық трансформация орталықтарын, ұлттық жобалау офисін қамтитын Цифрлық үкімет офисінің жұмысын бастауға рұқсат берді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Қазақстан Президентіне Цифрлық үкімет офисінің негізгі міндеттері мен жобалары туралы баяндады. Министрдің айтуынша, офис жұмысының аясында бастапқы талдауды автоматтандыру, болжамдар мен даму сценарийлерін әзірлеу, қол жеткізілетін мақсатты көрсеткіштерге төнетін қауіптерге мониторинг жасау және анықтау қызметтері, сондай-ақ басқа да жұмыстар жүзеге асырылады. Цифрлық трансформация орталығы мемлекеттік органдардың жұмыс үдерісін өзгертіп, оларды цифрлық форматқа ауыстырумен айналысады.

Сауда және интеграция министрлігі Мемлекет басшысына ішкі және сыртқы сауда жөніндегі талдау платформасын таныстырды. Аталған платформа азық-түлік бағасын онлайн режимде бақылауға және болжауға мүмкіндік береді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш министрлігі ел халқының еkle алу қарқынын бақылауға арналған жобаны таныстырды.

Жиын барысында Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы, Астана халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов, Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой және басқа да жауапты тұлғалар сөз сөйледі.

## Қайыр қылсаң, бүтін қыл



Елімізде жыл сайын «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардағы мектепке баратын оқушыларға көмек көрсетіледі. Қайырымдылық шарасының шеңбері де жылдан-жылға артып, қарастырылатын қаражат көлемі де көбейіп келеді. Жоғарының жомарттығын жергілікті билік қаншалықты орындап жүр? Оқушыларға бергендері құдалықтарда қолдан-қолға өтетін костюм, ал аяқкімі екі есе үлкен. Қағаз-қаламдарының да құны төмен. Карантин кезінде де қыруар қаражатқа концерт ұйымдастырып, есебін бере алмайтындар қайырымдылыққа келгенде қаржы «үнемдеуге» көшкен бе? Ал кейбір облыстардағы көпбалалы отбасылар бұл акцияның барын да бірінші рет естіген. Оларға деп бөлінген қажетті көмек кімдерге кетті?

«Айдағаным бес ешкі, ысық-рығым жер жарар» демекші, аймақтағы атқамінерлер қайырымдылықты жарнама жасауға ұластырып жібергенін көріп жүрміз. Әсіресе, Құрбан айт, Жәніс күні мен 1 қыркүйек – Білім күні жақындағанда әлеуметтік желі бетінде шенеуніктер қайырым-

дылық әсер қалдырады. Жарнамасына қарап жасаған жақсылықтарына іштей жүрегің жылып қалғанымен, артынша көңіліміз су селкендей басылатыны да жасырын емес. Осыдан біраз жыл бұрын бір облыста толарсақтан саз кеше жүріп, жәніс туын жел-біретуге зор еңбек еткен соғыс

ардагеріне жергілікті жердің басшылары қолсағат сыйға тартып кетеді. Еңбегін ескерусіз қалдырмаған жауаптыларға ақ батасын жаудырған ақсақалдың немерелері артынша істен шыққан сағатты өкімдікке қайтарып беріпті. Былтыр 9 мамыр Жәніс күні қарсаңында Жамбыл облысының жауапты қызметкерлерінің әрекеті де біраз сыңа қалды. Сол кезде де облыстағы атқарушы органның қызметкерлері өзі әрең отырған қартты ортаға алып, апарған затын жарнамалау үшін фотоға түскен.

Көпбалалы, аз қамтылған отбасылардағы балаларға көмектесуді мақсат еткен акцияның аясында көмек алған Аяулым: «Былтыр мектепте оқитын екі балама кенсе тауарлары мен мектеп сөмкесін алдым. Сөмкесі қатты керемет деп айта алмаймын, бірақ ұстауға болады. Ал қалам-қарындаштарын пайдаланған жоқпыз. Себебі дұрыс жазбайды. Қаламның сапасы мүлдем нашар болып шықты», – дейді. Аяулымның айтқан сөзінің жаны бар секілді. Өйткені өз таныстарымның арасында да қайырымдылық акциясы аясында үлестірілген кенсе тауарлары жарамсыз болып, артынша өз қаражаттарына қайта қалам алғандар бар.

(Жалғасы 5-бетте)

## ПАРАЛИМПИАДА ЧЕМПИОНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Президент Жарлығымен Паралимпиада чемпиондары ордендермен марапатталды. Токио-2020 XVI жазғы Паралимпиада ойындарындағы аса үздік спорттық жетістіктері үшін III дәрежелі «Барыс» орденімен Давид Дегтярев марапатталса, Зарина Байбатина, Теміржан Дәулет пен Ануар Сариевке «Парасат» ордені берілді. Нұрәулет Жұмағали «Құрмет» орденіне ие болды.


## Медицинадағы «қосып жазу» пандемиясы

Біраз емхана мен жеке клиника пандемияны пайда табуға пайдаланып жатқан көрінеді. Олар бюджеттен және Әлеуметтік медсақтандыру қорынан көбірек қаржы алу үшін қосып жазады: өзіне тіркелген тұрғындарды ауырмаса да, ауру етеді, қағаз жүзінде әртүрлі ем-дом шарасын жасап, «құлан-таза айықтырады». Биылғы жарты-жылдықта қор медұйымдарда жарты миллионға жуық қосып жазуды анықтаған. ӘМСҚ бұл құбылыспен екі жылдан бері күресіп келеді. Жеңе алар емес.

### КОСЫП ЖАЗУДАН ҚАЙ ӨНІРЛЕР КӨШ БАСТАДЫ?

Медсақтандыру қорының сарапшылары мемлекет кепілдік берген тегін медкөмектің көлемі (ТМККК) мен МӘМС жүйесі аясында көрсетілетін қызметтердің сапасы мен ауқымына мониторинг жүргізді. Нәтижесінде, 2021 жылдың 6 айында медициналық ұйымдар түзген 486 мыңнан астам жөнсіздікті анықтады. Яғни, емхана, аурухана және жеке клиникалар көрсеткішті қолдан жасаудан аяқ тартудың орнына, қайта үдете түскен. Салыстыра кетсек, 2020 жылдың I жартысында бұл көрсеткіш 461 мыңды құрады. Яғни, медұйымдар қордың айыппұлмен жазалауынан қорықпайды. ӘМСҚ-тың бұл тегісі жұмыс істемейді деген сөз.

Бұзушылықтардың басым бөлігі, 74,4%-ы мамандардың халыққа кеңес-консультациялық, диагностикалық қызметтер көрсетуіне тиесілі. Атап айтқанда, 67%-ында медұйымдар көрсеткен көмегі мен қызметтерінің көлемін негізсіз асыра жазады. 16,4%-ында емдеу-диагностикалық іс-шараларды



көрсету кезінде стандарттардан, денсаулық сақтау саласындағы ережелерден, клиникалық хаттамалардан ауытқыған. 11,3%-ында медициналық құжаттаманы дұрыс рәсімдемеген.

Ұйымдар көрсеткен қызметін асыра жазумен шектелмейді. Осы жарты жыл ішінде тіпті көрсетпеген қызметін «көрсеттік» деп жаз-

ған 11,3 мыңнан астам расталмаған жағдай анықталды.

Өңірлер арасында қосып жазу Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында және Жамбыл облысында белен алған. Ең азы БҚО, Атырау, Қостанай және Ақмола облыстарында тіркелді.

(Жалғасы 6-бетте)

## Тозығы жеткен канал көп



Ауылшаруашылық құрылымдарын сумен жабдықтау мәселесіне аз сын айтылып жүрген жоқ. Республикада су тапшылығы өз алдына, оған қоса осы саланың инфрақұрылымының да әбден тозығы жеткен. Соның кесірінен тасымалдау кезінде судың көп бөлігі рәсуа болып, зая кетіп жатқан жоқ па?

### АЗ СУДЫҢ ӨЗІ РӘСУА БОЛЫП ЖАТЫР

Қазақстан – Орта Азиядағы су тапшылығы жоғары мемлекет. Республикадағы жерүсті суларының жалпы қоры 100,5 текше метр құраса, оның 43,5 текше

метр көлемі Ресейден, Қытайдан және аймақтағы көрші елдерден келеді. Осы тапшылыққа қарамастан ауыл шаруашылығы мақсатына бөлінген судың жартысына жуығы тасымалдау кезінде көпе-көрнеу ысырап болатыны

күйіндіреді. Мұның басты себебі – каналдар мен ирригациялық жүйелердің тозуына байланысты. Сонымен бірге тарифтің төмендігі, инфрақұрылымды жанартуға қажетті инвестицияның, білікті маманның аздығы бүгінгі жағдайға әкеліп отыр.

Қазір ел ішіндегі су арналарының 60%-ның әбден тозығы жеткен. Су тасымалдау кезінде орасан көп көлемнің рәсуа болуының басты кінәраты да сонда. Сол себепті Үкімет алдағы 5 жыл ішінде ұзындығы 2,3 мың шақырым болатын 120 арнаны қайта жанарту жоспарын жасады.

«Арналарды қалпына келтіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Мәселен, 2019–2020 жылдары 1 734 шақырым су арнасы жөнделіп, 111,5 гектар суармалы жер айналымға енгізілді. Биыл жыл соңына дейін 1 050 шақырым арнаны қайта жаңғырту жоспарланып отыр. Бұл 78 мың гектар суармалы жерді айналымға енгізуге мүмкіндік береді», – деді Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзалеев жақында өткен Үкімет отырысында.

(Жалғасы 6-бетте)

## Жамаубаев Президент мораторийін тоқтатпақ

Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев бастамашылдық танытамын деп бизнесмендердің қаһарына ұшырады. Оның Үкімет отырысында ұсынған жаңа идеясын сынамаған шағын кәсіпкер қалмады деуге болады. Сондай-ақ «Атамекен» ұлттық палатасы да, бизнес-омбудсмен де бас қаржыгер бастамасын қатаң сыңға алып, «ақылға сыймайтын ұсыныс» деп бағалады. Бірақ Қаржы министрінің де шегінерге жолы жоқ. Үкімет одан бюджетті салықпен толтыруды талап етіп отыр.

### МИНИСТРДІҢ КӨЗДЕГЕНІ НЕ?

Ел Президенті 1 қыркүйектегі жана Жолдауында Үкіметтен Ұлттық қордың қаражатын шығындаудың тыюды талап етті. Өйткені шенеуніктер бюджеттік міндеттемелерді орындау үшін бюджет тапшылығын ұлғайтып, Ұлттық қордан алынатын трансферттерді арттырды. Осылайша, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруге жаман үйренді. Ал ҰҚ-ның активтері, елдің қаржылық орнықтылық қоры шексіз емес.

Сондықтан Қаржы министрлігіне бюджеттің кірісін арттыру үшін шаралар қабылдау жүктелді. Бұл ретте мемлекет Ұлттық қордың активтерін қалпына келтіру және оны үнемдеу режиміне көшеді. Осыны қарастыратын заңнамалық өзгерістерді ел Парламенті жыл соңына дейін қабылдайтын болады.

Алайда Ұлттық қордың «қоймалары» тарс жабылса, бюджеттің өз қаражаты мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін орындауға жетпейді мүмкін. Себебі ел қа-



зынасына түсетін кірістер одан шығатын шығыстардан әлдеқайда аз. Атап айтқан-

да, республикалық бюджеттің кірістері 2022 жылы – 9,2 триллион, 2023 жылы

– 9,7 триллион, 2024 жылы 10,4 триллион теңге ғана. Ал шығыстары 2022 жылы – 15,9 триллион, 2023 жылы – 15,6 триллион және 2024 жылы 16 триллион теңгеден асады деп жоспарланған.

Демек, бас қаржыгердің командасына бюджетті толтыратын жаңа қаржы көздерін іздеуге тура келмек. Мұндай көздер – дәстүрлі түрде салықтар, айыппұлдар және өсімпұлдар. Алайда елімізде 2020 жылы енгізілген 3 жылдық мораторий нәтижесінде кәсіпкерліктің үлкен бөлігі – шағын және микробизнес тексеруден, профилактикалық бақылаудан және қадағалаудан босатылды. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, қазір 1 384 120 кәсіпкерлік субъектісі бар. Оларға салықшылар айыппұл сала алмайды.

(Жалғасы 5-бетте)



## Сөзді түзер «Сөзтүзер»

Қазмедиа орталығында «Сөзтүзер. Қате қолданыстар сөздігінің» тұсаукесері өтті. Іс-шараның қонақтары Парламент депутаттары, қоғамдық, ғылыми және мәдени топтардың өкілдері, журналистер, сондай-ақ еліміздің мемлекеттік БАҚ басшылары болды.

Отандық БАҚ-тарға арналған қазақ тіліндегі сөздікті жасау идеясының авторы Қазақстан Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев болды. Жоба жетекшісі – ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы.

Сөздік бірінші кезекте қазақ тіліндегі БАҚ редакторларына, сондай-ақ қазақ тілінде сауатты жазуға тырысатын қалың бұқараға тұрақты пайдалану үшін ұсынылады.

Оның басылымы БАҚ-та мемлекеттік тілді нығайтуға жаңа серпін береді және қалың жұртшылықтың, әсіресе жас ұрпақтың қазақ тілінде дұрыс сөйлеу және жазу қабілетіне оң әсер етеді.

«Сөзтүзер. Қате қолданыстар сөздігінің» отандық БАҚ материалдарының мониторингі негізінде білікті лингвистердің, тәжірибелі журналистер мен кәсіби редакторлардың қатысуымен әзірленді. Жоба авторлары еліміздің ақпараттық кеңістігінде мемлекеттік тілде жиі кездесетін

қателіктерді анықтады, жіктелі және талдады.

Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс пайдаланбаудың нақты мысалдары бар. Сондай-ақ жалпы орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық қателер сөздігі жасалды. Онда сөздер мен сөйлемдердің дұрыс нұсқасын қолдану бойынша ұсыныс берілген. Сөздік Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын мерекелеу шеңберінде ұсынылған және Қазақстан халқының Тілдері күніне орайластырылған. Шара Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Медиа Дамыту қоры» корпоративтік қорымен бірлесіп ұйымдастырылды.

Гүл БЕКЗАТ

## 675 миллион теңгеге алты камера алмақ



«Қазақфильм» киностудиясы 675 миллион теңгеге алты цифрлы камера алмақшы. Мемлекеттік сатып алулар сайтында 9 және 26 қыркүйек аралығына конкурс жарияланған.

Қосымша сипаттамасы – сандық камера толық салмағымен. Бір данасының бағасы – 109 772 780 теңге; Саны – бес; Жоспарлы сома – 7548 863 900.


Сондай-ақ «Қазақфильм» секундына 1 мың кадр жасайтын әкшен түсірілімдерге арналған

цифрлы камера алуға 126 245 446,43 тенге жұмсамақшы.

Бұған дейін Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясын жаңғыртуға 10 миллиард тенгеден астам қаражат жұмсалатыны айтылды. Ақша кино түсіру және монтаждау, ғимараттарды қайта жанартуға бөлінеді. Ангарлар мен арнайы автокөліктер сатып алынады. Биыл 8 миллиардтан астам қаржыны игеру жоспарла бар. Жаңғырту 2023 жылға дейін жүргізіледі.

Ж. НҰРЛАН

## 10 оқушының көзі кварцтан зақымданды



Оқиға 3 қыркүйек күні Орал қаласындағы №3 орта мектепте болған. Осы күні бақылаудың болмауына байланысты екінші ауысымда оқитын 7-сынып оқушылары үзіліс кезінде бактерициттік шамды рұқсатсыз қосып, зақым алған.

БҚО Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі хабарлағанындай, облыстық көпбейінді балалар ауруханасына 8 оқушы жүгінген. Ал 2 балаға емхананың жедел жәрдем көлігі шақырылған. Барлығы 10 баланың көзіне зақым келген. «Оқушылардың бәріне медициналық жәрдем көрсетіліп, амбулаторлық ем алуға жолданды. Оларға электроофтальмия диагнозы немесе көздің қасаң қабығының жеңіл дәрежедегі күйігі деген диагноз қойылды. Қазір балалар үйінде, жағдайлары жақсы», – дейді БҚО ДСБ баспасөз хатшысы Айнагүл Сақпосынова.

Н.СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ

## QazVac штамы өзгермек



Қазақстандық QazVac вакцинасы үшінші кезең бойынша клиникалық зерттеуден сәтті өтті. Сондай-ақ оның штамдық құрамы өзгереді.

Бұл туралы ОКК-де өткен брифингте Биологиялық қауіпсіздік проблемаларын ғылыми-зерттеу институтының бас директоры, коронавирусына қарсы QazVac қазақстандық вакцинаһның авторы Күнсұлу Закарья хабарлады. Оның айтуынша, шілде айында үшінші кезең бойынша өткен барлық клиникалық зерттеу жұмысына 3 мың адам қатысқан. Бүгінде қорытынды есеп Дәрілік заттар мен

медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығының сараптауынан өтіп жатыр. Әйтсе де, вирусолог мамандар алғашқы отандық вакцинаһны клиникалық зерттеу сәтті жүргізілді деп отыр. Зерттеу толық аяқталған соң QazVac туралы ғылыми мақалалар жарық көрмек. Сондай-ақ осы жиында коронавирусқа қарсы отандық QazVac вакцинаһның құрамы өзгергені туралы да хабарланды.

«Біздің ел аумағына дельта штамы келген сәттен бастап Үкіметтің тапсырмасына сәйкес оны зерттеуге кірістік. Клиникаға дейін зерттеу жұмыстары жүргізілді. QazVac-тың штамдық құ-

рамын өзгерту арқылы жануарларға жүргізілген зерттеу жоғары нәтиже көрсетті. Бүгінде Денсаулық сақтау министрлігінің ресми рұқсатын күтіп отырмыз. Яғни, QazVac құрамындағы Ухань штамын Дельта штамына ауыстыратын боламыз. Зерттеу нәтижесімен танысып, министрлік рұқсат берген жағдайда QazVac-тың келесі партиясы жана құрамымен дайындалады», – деді Күнсұлу Закарья. Ғалымның айтуынша, QazVac құрамындағы штамды ауыстыру және оны жануарларға сынау жұмысына 2 ай жұмсалған.

Н.КОСАЙ



## Мектепке жарылғыш зат қойылған ба?

Ақтөбедегі ҚазГЗУ мектеп-гимназиясында жарылғыш зат қойылғаны туралы хабарлама таранды.

Полицияда айтылғандай, «мектеп-гимназияда жарылғыш зат болуы мүмкін» деген хабарлама Ақтөбе облысы Полиция департаментінің электронды поштасына келіп түскен.

«Барлық жедел қызметтер мен саперлер тобы дереу оқиға орнына барды. Ғимараттағы жарылғыш заттарды тексерді. Жарылғыш құралдар табылмады», – дейді департамент өкілдері.

Полиция департаменті жасырын хабарламаның авторын анықтауға және ұстауға бағытталған жедел іс-шараларды жүргізуде.

Аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 273-бабы «Терроризм актісі туралы біле тұра жалған ақпарат беру» бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Бұл баптың санкциясы бес жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қарастырады.

Ж. НҰРЛАН

## Түрме ауласына 9 смартфон лақтырған

Атырау облыстық Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты УГ-157/9 түзеу мекемесінің ауласына 30 тамызда шамамен таңертеңгі 08.30-да белгісіз ер адам скотчпен оралған 11 түйіншекті лақтырып, көлікке мініп кеткен. Түйіншектерден 9 смартфон, 8 адаптер, 1 sim-карта, 2 флэш-карта және батареика сияқты аксессуарлар шықты.

Мекеме бастығы Думан Тәженовтің айтуынша, осындай тыйым салынған заттарды түзеу мекемесінің ауласына лақтырып кеткен ер адам Қызылқоға ауданында тұратын 1997 жылғы азамат болып шықты. Оны патрульдік полиция қызметкерлері «Сергек» бейнебақылау камера-



ларының көмегімен анықтап, қолға түсірген. Қазір күдіктіге қатысты ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің

481-бабымен хаттама толтырылып, сотқа жолданды.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИ

## Экологиялық мәселелер талқыға түсті

«Nur Otan» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы жанындағы қоғамдық экологиялық кеңесі, «Атамекен» облыстық кәсіпкерлер палатасы, Есожер қауымдастығының Маңғыстау облысы бойынша өңірлік экологиялық кеңесі мен «Табиғи орта» Батыс Қазақстан өңірлік ассоциациясы бірлескен жиын өткізді.



Күн тәртібінде 2020 жылдың аяғында Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Марғұм Мырзағалиевтің келісуімен Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Тұрұмов бекіткен облыстың экологиялық мәселелерін кешенді шешу бойынша Жол картасының орындалу барысы туралы (қалалар мен аудандар әкімдіктері, облыстық басқармалар мен департаменттер) мәлімдемелер тыңдалды. Басқосудың мақсаты – қоғамдастық пен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және қоғам белсенділері онлайн форматта қатысты. Уақыттың тығыз болуына байланысты Жол картасының негізгі орындаушылары ретінде Маңғыстау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Дүйсен Құсбеков пен облыстық Экология департаментінің басшысы Руслан Төкенов Жол картасының 36-бабының әрқайсысына жеке тоқталмай, 8 тарау бойынша әр тараудың орындалуы туралы баяндады. Басшылар елді мекендердің көгалдандырылуы мен «Қошқар-Ата» ұлы көлінің айналасына жасыл желек егу, осы ұлы көлдің рекультивациясы, облыс аумағындағы санитарлық жағдай, жер ресурстарының тарихи ластануы, ауызсу ташылығы мәселелерін шешу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берді.

Осы тұста «Nur Otan» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы жанындағы қоғамдық экологиялық кеңестің төрағасы Әділбек Қозыбақов Жол картасының әр бабы бойынша нақты қанша қаражат қарастырылып, оның қандай мөлшері игерілгенін, іс жүзінде қандай нәтижеге қол жеткізілгенін, яғни іс-шаралар орындалуының толық есебін алу мақсатында қатарынан бірнеше жиын өткізуді ұсынды. Ал отырысқа онлайн режимде қатысқан «Атамекен» облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры, Есожер қауымдастығының Маңғыстау облысы бойынша өңірлік экологиялық кеңесінің төрағасы Рашит Мұстапаев Жол картасы қоғамдық бақылауға алынғаны жөнінде Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Марғұм Мырзағалиев пен облыс әкімі Серікбай Тұрұмовқа осы отырыстың хаттамасын жалғап, ресми хат жолдауды ұсынатынын жеткізді. Іс-шараға қатысушы Қазақстан

тәжірибелі экологтері қауымдастығының төрайымы Лаура Маликова да бірқатар ұсыныс айтты.

Сондай-ақ партияның облыстық филиалы жанындағы қоғамдық экологиялық кеңес мүшесі, Маңғышлақ эксперименталды ботаникалық бағының бас директоры Ақжүніс Иманбаева 2000 жылдары мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, облыс аумағында бірқатар жерасты су ұңғымасы жабылып қалғанын сыңға алып, «соңғы жылдардағы қуаңшылық жағдайы сол өңірдің салдарынан болуы мүмкін» деген ойын жеткізді. Өз сөзіне дәлелдеме ретінде сарапшы сол ұңғымалар жабылмастан бұрынғы және жабылғаннан кейінгі өсімдік жамылғысының жай-күйін мысал ретінде келтірді. Бұл жер бетіндегі судың азаюы биоаулантүрліліктің жағдайына кері әсерін тигізгенін көрсетіп отыр.

Қоғамдық экологиялық кеңестің тағы бір мүшесі, облыстық мәжіліс депутаты Гүлнар Тасболатова Мұнайлы ауданындағы тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының мәселесі шешімі жатқанын тілге тиек етті. Халық қалауының айтуынша, егер бюджеттен тиісті қаржы бөлінетін болса, халық саны жағынан еліміздегі ең үлкен ауданда қоқыс мәселесі шешімін табар еді.

Сонымен қатар жылдар бойы ұшығып тұрған «Қошқар-Ата» көлінің рекультивациялау және Шетпе ауылының маңындағы тас қарьерлерінің ауаны шаңмен ластау мәселелеріне де қоғам белсенділері тарапынан назар аударып, нақты шара қолдану жөнінде халық атынан мемлекеттік органдарға талап қойылды.

Бұдан бөлек, Ақтау қаласының іргесінде орналасқан құстың Қызыл кітапқа енген 22 түрі мекендейтін Қаракөл көлінің мәселелері де жылдар бойы шешімін таба алмай жүргенін Орта Азия Рамсар өңірлік бастамасы үйлестіру комитеті төрағасының орынбасары Әділбек Қозыбақов бұл жолы тағы қозғалды. Халықаралық мөні бар сулы-батпақты алқаптардың Рамсар тізіміне енуге лайықты Қаракөл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына 2020 жылдың күзінде хат жолданған. Дегенмен күні бүгінге дейін оң шешімін табуы тиіс мәселелер өзекті болып қалады.

М.ХАКНАЗАР



## Санитарлық талап тексерілді

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облыстық және қалалық партиялық бақылау комиссиясының мүшелері өңірдегі орта мектептерде санитарлық талаптардың орындалуы бойынша мониторинг жүргізді.

Жаңа оқу жылында білім беру қайта дәстүрлі форматқа ауысты. Яғни, оқушылар онлайн емес, мектепке қатынап оқиды. Негізгі талап ретінде барлық мектептерде санитарлық-эпидемиологиялық, гигиеналық талаптар қатаң сақ-

талуы басты назарға алынып отыр. Атап айтқанда, мұғалімдер мен оқушылардың беттерде тағып, сыныптарды желдетіп, жиі тазартып отыру қатаң бақылауға алынбақ. Қазір Қызылорда қаласындағы барлық мектептердің кіреберісінде балалардың дене температурасы өлшенеді. Қызылорда бар оқушылар үйіне қайтарылды. Ата-аналарға мектептің ішіне кіруге тыйым салынып отыр.

Сондай-ақ «Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалының «Ұлт денсаулығы мәселелері және білім мен ғылымды

дамыту жөніндегі» кеңес төрайымы Гүлшат Мұсаева мен облыстық «Jas Otan» ЖК мүшелері бірлесіп студенттердің өмір сүру деңгейінің сапасын арттыру, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету мақсатында қаладағы колледждер, жоғары оқу орындарының жатақханаларына бақылау жүргізді. Жатақханалар мен онда тұратын студенттер саны, студенттердің тұрғын үй алаңымен нормативтік қамтамасыз етілуі, тұрмыстық, компьютерлік техникамен, демалыс орындарымен, жеке тұрмыстық жабдықтар жет-

кізіліп, санитарлық нормаларды сақтау бойынша талдау жұмыстары өтті.

Тексеріс барысында көптеген жатақхананың санитарлық нормаларға, тұрмыстық жағдайға сәйкес келмеу фактілері анықталды. Анықталған фактілер нәтижесінде оқу орындарының басшыларына ескерту айтылып, кемшіліктер бойынша ұсыныс жеткізілді. Жатақханалардың сапасын қадағалау жұмыстары алдағы уақытта да жалғаспақ.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

## Азаматтарды онлайн қабылдады

«Nur Otan» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, аймақ басшысы Ғали Ескалиев азаматтарды жеке мәселелері бойынша онлайн форматта қабылдады.

Қабылдау барысында өңір тұрғындары кәсіпкерлік, тұрғын үй, жер телімдерін беру мен құқықтық сипаттағы мәселелер бойынша сауалдарын қойды. Облыс әкімі Орал қаласының тұрғыны қаладағы жер телімдерін аукционға шығарудан бас тарту туралы өтінішпен жүгінді. Өтініш беруші аталған аумақтарда наубайхана ашу және тамақ өнімдерін сату үшін ғимараттар салуды жоспарлап отырғанын айтты. Шағым білдірушіге кондоминиуммен келісім бойынша Захаған кентінің аулаларында жер учаскелерін жалға алу ұсынылды. Өз кезегінде облыс әкімі қала тұрғынына осы ауданда салынып жатқан үйлер мен коммерциялық алаңдар туралы ақпаратты толық беруді тапсырды.

Бұдан кейін тұрғын үйді жеке-шелеңдіруге қатысты өтініш қаралды. Отбасының ауыр тұрмыс жағдайына байланысты мүмкіндігі шектеулі жанға уақытша пәтер ұсынылды. Ғали Ескалиев отбасы өкілдері пәтерде тұруды



жалғастыра алатынын және кезек келген кезде оны жеке-шелеңдіруге мүмкіндігі барын атап өтті. Партияның облыстық филиалының төрағасы әр мәселені егжей-тегжейлі қарап, қала басшылығы мен басқармаларға заңнамаға және қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаға сәйкес өтініш жолдауға қолдау беруді тапсырды.

Бұдан бөлек, «Nur Otan» партиясы БҚО филиалы жанындағы Аграрлық секторды дамыту жөніндегі қоғамдық кеңестің онлайн отырысы өтті. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Біріншісі – Батыс Қазақстан облысына қарасты елді мекендердің мал азығымен

қамтылуы. Екіншісі – Жаңақала ауданында ауыл шаруашылығын жүргізудегі мәселелер жайында.

Бірінші мәселе бойынша «Батыс Қазақстан облысы елді мекендерінің мал азығымен қамтылуы» туралы облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Жасұлан Халиуллин баяндады. Ал «Жаңақала ауданында ауыл шаруашылығын жүргізудегі мәселелер» туралы баяндау үшін Едіге Текебаевқа сөз берілді. Екі тұлға да алдағы кезеңге дайындықтың жақсы деңгейде екенін айтты. Кеңес мүшелері аталған мәселенің өзектілігін атап өтіп, жиынға қатысушылардан өз ұсынысын білдіруді сұрады.

Жоғарыда аталған мәселелерге сәйкес бірнеше ұсыныс енгізілді. Соның ішінде БҚО Ауыл шаруашылығы басқармасына құрғақшылықтан зардап шеккен облыс аудандарына қатысты ірі жем мен астық жемінің тапшылығын анықтап, мал азығын субсидиялауға және жеке тұрғындарға көршілес аудандардан шөп тасымалдауға кеткен шығынның құжаттарына сәйкес бюджет есебінен ұйымдастыруға ықпал ету тапсырылды. Сондай-ақ Жаңақала ауданы бойынша жергілікті жерлерде сала мамандарымен бірлесіп малдың қыстауға қабылеттілігін анықтау, құрғақшылықтан неғұрлым зардап шеккен ауылдар мен елді мекендер тұрғындары арасында азық сатып алу, жеткізуі, таратуды және белгіленген бағамен өткізуді бақылауға волонтерлік ұйымдарды тарту керектігі айтылды. Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардың басшыларын ірі шаруашылықтармен және агрофирмалармен, басқа да ірі жемшөп дайындау және оларды зардап шеккен ауылдарға жөнелту жөнінде келісімшарт жасасу үшін басқа өңірлерге жіберіп, Жаңақала ауданы бойынша мал азығын дайындау маусымының өту барысын қадағалау бойынша штаб құрып, жедел іс-әрекет жасау қажеті айтылып, ұсыныс енгізілді. Жиынды қорыта келе, кеңес мүшелері барлық аталған ұсыныстың партия бақылауында болатынын айтты.

Мадияр ТӨЛЕУ

## Білім мәселесі басты назарда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жолғы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында білім саласына қатысты ауқымды жобалар айтылды. Ең әуелі үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектептер санын жаңадан 800 мектеп салу есебінен шешу мәселесі қарастырылды. Бірақ алдағы уақытта орын тапшылығы өсуі мүмкін екенін болжасақ, 800 мектепті 1 мыңға дейін арттыру көзделіп отыр. Яғни, мектептерге қатысты мәселелерден түбегейлі арылуға тиіспіз.

«Nur Otan» партиясының Жол картасында оқу орындарын жалпы 100 пайыз білікті кадрлармен қамтамасыз ету пункті қарастырылған. Осы арада педагог кадрлардың жалақысын 25 пайызға дейін арттырып, олардың мөртебесін жастар арасында көтеру арқылы біліктілік деңгейін біршама еселей алатынымыз сөзсіз. Бұл ретте педагог кадрлар заңның аясында 5 жылда 1 рет біліктілігін арттыратын болса, енді 3 жылда 1 рет оқуы қарастырылады. Мұны оң нәтижеге негізделген шешім болады деп ойлаймыз. Себебі әр 5 жыл сайын білім, уақыт жылдам өзгереді. Сондықтан 3 жыл сайын пәндік біліктілігін, көшбасшылық қасиеттерін дамытатын, басқа да дағдыларын өсіретін

курстардың өткізілуі тиімді нәтижеге қол жеткізуге себепші болмақ.

Негізі, мектеп оқушыларының білім сапасы оларды оқытатын мұғалімдердің білім сапасымен тікелей байланысты. Былдан бастап педагогика мамандығына оқуға түсушілердің үздік білім иегері атанып, Ұлттық бірыңғай тестілеуде шекті балының да жоғары болуы – біліктікке қатысты өзекті мәселелерді шешіп, мөртебесін көтеруге бағытталды. Аталған жұмыстарды одан әрі жалғастыру маңызды. Еліміздің кей аймағында мұғалімдер жетіспейді. Сонымен қатар жаратылыстану, математика, гуманитарлық пәндер мұғалімдері де тапшы. Сол себепті Білім және ғылым министрлігімен, педагогтерді

дайындайтын жоғары оқу орындарымен бірлесіп сапалы кадрларды кәсіби бағдар бойынша мектептерге жіберуге тиіспіз.

Қазір үш ауысымды мектептер мен орын тапшылығы жайы өзекті мәселе болып отыр. Былтырдан бастап мемлекет осыны қолға алды. Жаңадан 800 мектеп салу арқылы мәселені шешу көзделген болатын. Бүгінде орын тапшылығы 250 мыңды құраған. Алдағы 5 жылды болжайтын болсақ, бұл тапшылық 1 миллионға жетуі мүмкін. Сол себепті 800 мектепті 1 мың мектепке дейін көбейту ұсынысы орынды айтылды. Бірақ қазір типтік оқу жоспарында гимназия немесе лицей сыныптары жоқ мектептерде профцит бар екенін байқаймыз. Мысалы, мектеп 900 балаға арнап салынуы мүмкін, алайда ол жерде 600 бала оқуы мүмкін. Сондықтан Білім және ғылым министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, қай мектептерде профцит екенін анықтап, салынар мектепте осындай жағдай болмас үшін Ұлттық экономика министрлігімен кесіліп болжам жасауы маңызды. Бала-



лардың дүниеге келуі, интеграция, қошу мәселесіне орай оқушылар саны көбеюі мүмкін аудандарды болжау қажет. Ал енді инклюзивті білім беруге келер болсақ, биыл Парламент Сенаты мен Мәжілісінің бір топ депутаттарының бас-тамасымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң

қолдау тапты. Кейін Сенатқа мақұлданып, Мемлекет басшысы қол қойды. Негізгі ерекшелігі былдан бастап қалыптасу оқушылармен бірге мүмкіндігі шектеулі оқушылар да қатар отырып білім алады. Ол үшін мұғалімдердің дайындығын жүзеге асыру қажет. Оқушыларға білімді сараптап беруге тура келеді. Әрқайсысының қабілетіне байланысты оқытуда ұстаздарды дайындайтын арнайы курстар қажет. Жаңадан салынып жатқан мектептерде инклюзивті сыныптарды әзірлеу керек. Бұл пандустан бастап, лаборатория, есіктердің енінің кеңейтілуіне дейін назар аударар жайт. Мектеп құрылысының мемлекеттік сараптамаға дейінгі кезеңінде ескерілуі тиіс.

Жалпы, Мемлекет басшысының Жолдауы «Nur Otan» партиясының Жол картасында көрсетілген жоспарлардың орындалуына, білім саласының дамуына негіз боларына сенім мол. Оның ішінде ауыл мен қала мектептеріндегі білім сапасындағы алшақтықты мейлінше азайту, ауыл мектептерін модернизациялау мәселелері өзекті.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,  
Мәжіліс депутаты

## Жолдаудың өзегі – экономика

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ-ның (ЕРИ) сарапшылары онлайн форматта Zoom бейнеконференциясы арқылы Президент Жолдауын талқылады. Мамандар Мемлекет басшының қойып отырған міндеттерінің экономикалық және әлеуметтік аспектілерін өзекті тақырып етіп алды.

Нұрлан ҚОСАЙ

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ төрағасының орынбасары Бауыржан Мұқан модератор болған онлайн жиын өте маңызды өтті. Өз саласының білікті мамандар Жолдау жүктеген міндеттердің маңызы мен нәтижесі туралы пікірлерін білдіріп, сараптамалық тұжырымдарын ортаға салды. Күн тәртібінде экономиканы дамыту, бизнес, жасыл экономика, өңірлік саясат және әлеуметтік аспектілер тақырыптары қаралды. Соның алғашқысы бойынша сөз сөйлеген спикерлердің бірі ЕРИ Орталығының директоры Қуаныш Бейсенғазин Президенттің бюджеттік ережелер дайындау ұсынысын толықтай қолдайтынын білдірді. «Ұлттық қордың шығындарын шектеп, жанадан бюджеттік ережелер жасап шы-


ғару үшін жыл соңына дейін қажетті заңнамаларды енгізу туралы ұсынысты орынды деп ойлаймын. Бұған дейін де бізде мұндай тәжірибе болған. Осы уақытқа дейін бюджеттік ереженің 13 жүйесі жұмыс істеді. Енді бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандыра түсу үшін Президент айтқандай нақты да түсінікті контрицидтік ережелер болуы тиіс. Бұл – дұрыс шешім. Біз сонда ғана бюджеттің тең теңгеріміне қол жеткізе аламыз. Оның қазір талқылана бастаған бір нұсқасы, ол – құрылымдық теңгерім. Бұл жерде Ұлттық қордан алынатын кепілдендірілген трансферттерді жоспарлау мұнай секторындағы ұйымдардан сол кезеңдегі мұнай бағасына сәйкес Ұлттық қорға түсетін ақшаның болжамды көлемінен аспайтын болады. Ондағы бағаны Үкімет пен Ұлттық банк бірігіп анықтайды. Мұндай контрицидтік ереже Ұлттық қорға мұнай бағасы жоғары кезде көбірек қаражат жинақтауға, ал мұнай бағасы төмендеген кезде бюджеттің теңгерімін ұстап тұру үшін кепілді түрде бөлінетін трансферттердің көлемін артыруға мүмкіндік береді», – дейді ол.

Сарапшының айтуынша, бюджет теңгерімінің мақсатты көрсеткіштері ортамерзімді перспективаларға жұмсалатын шығындардың міндетті түрдегі шектік мәнін белгілеу жолымен жүзеге асырылатын болады. Шығындардың мөлжесі мені Ұлттық қордан алынатын

трансферттерді қысқартудың және мемлекеттік қарызды қауіпсіз деңгейде ұстап тұрудың алдын ала жолдарын айқын көрсетіп тұруы тиіс. Бұл тұста шынайы макроэкономикалық болжамдар мен сәйкес кезеңдегі кірістердің болжамдары да ескерілуі керек. Сол себептен де мемлекеттік қарызды, бюджет саясатын және Ұлттық қорды басқарудың ережелер жинағы қажет. Президент тапсырмасына сәйкес, Үкімет пен Ұлттық банк жыл соңына дейін Мемлекет қаржысын басқару тұжырымдамасын әзірлейтін болады.

2020-2021 жылдардағы инфляция динамикасы қандай болды? Бағаны ұстап тұру үшін қандай шара қабылданып, қандай жоспар жасалды? ЕРИ Орталығы директорының орынбасары Ернар Серік осы тақырып төңірегінде Жолдауда айтылған жайттарды түсінікті етіп талдап берді.

«Мемлекет басшысы пандемияның салдарынан туған күрделі жағдайдан шығудың монетарлы да, монетарлы емес те жолдарын ұсынып отыр. Монетарлы жолы – жергілікті жерлердегі микроаржу ұйымдарының потенциалын пайдалану және «қатырылған» активтерді экономикалық айналымға қосу. Монетарлы емес жолы – республика бойынша Көтермелік сауда орталықтарын (КСО) салу және оған ұсақ ауылшаруашылық кәсіпорындарының қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ бұл нарықты монополиза-



циялауға жол бермеу. 2020 жылы елімізде инфляция 7,5%-ды құрады, Ұлттық банктің таргет жасауымен ол 4-6% арасында болды. Тамыз айына есептегенде 8,7%, соның ішінде инфляцияның халықтың сатып алу қабілетін төмендетіп, кірісін арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды, ал бағаның өсуі экономиканың көтерудегі шараларды жоққа шығаратынын білесіздер. Президент қабылдап отырған мұндай батыл шаралар осы мәселенің шешімін табуға көмектесетін болады», – дейді ол.

Президент жария еткен шаралардың ішінде экономистерді қуантқан қадамның бірі – минималды енбекақы көлемінің кө-

бейтілгені. Бұған дейін 42 500 тенге болған бұл сома, енді 60 мың тенге болмақ. Яғни, үштен біріне артпақ. Одан басқа, мамандар дағдарысқа қарсы шараларды сөз етіп, оның макроэкономикалық көрсеткіштерге қалай әсер етуі мүмкін екенін ЕРИ Орталығының жетекші сарапшысы Ерділде Тауенов сараптап берсе, бизнес тақырыбын қозғаған келесі топ АӨК дамыту, геология және өнеркәсіп, креативті индустрия мәселелерін сөз етті. Мұнда ЕРИ Орталығының директорылары Әзиза Қасенова, Баян Әбдірахманова, жетекші сарапшысы Дарина Кенес сөз сөйлді. Ал одан кейінгі жасыл экономика бөлімінде көміртекті салық, жасыл сутегі мәселесі айтылды. Екі сағатқа созылған жиынға БАҚ өкілдерін қосқанда 40-қа жуық адам қатысты.



## Сағар клубы Президент Жолдауын талқылады

Жуырда қоғамдағы маңызды мәселелерге талдау жасау үшін құрылған Сағар сарапшылар клубының басқосуы өтті. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты ұйымдастырған жийінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пандемиядан кейінгі ауыр кезеңде елдің одан әрі дамуы мен денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған бастамалары кеңінен талқыға түсті.

Отырысқа елімізге белгілі бірқатар саясаттанушылар, сарапшылар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Олардың арасында «Рухани жаңғыру» ҚКДИ басқарма төрағасы Асылбек Есенбаев, ҚСЗИ қоғамдық-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы Индира Рыстина, ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі Жібек Рахметулина, «Рухани жаңғыру» орталығының стратегиялық талдау тобының жетекшісі Ләззат Нұрқатова секілді азаматтар бар екенін айта кеткен жөн.

Әуелі «Рухани жаңғыру» ҚКДИ басқармасының төрағасы Асылбек Есенбаев Жолдауда жақын арадағы негізгі басымдықтар айқындалғанын айта келе, әлеуметтік мәселелер мен халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған нақты бес бастаманың ерекшелігі жайында сөз етті.

«Біріншіден, Жолдауда Мемлекет басшысы іс-әрекетінің логикасы мен жүйелілігі айқын байқалады. Бұл Елбасы саясатымен сабақтастығына да, өзінің стратегиялық және тактикалық әрекеттеріне де қатысты. Мұнда бірнеше мысал келтірілген. Мемлекет басшысының зейнетақы жинақтары мен салық жүйесін жаңғырту жөніндегі идеялар сабақтастығы жалғасын тауып жатқанын көріп отырмыз. Ауызсу, көлік инфрақұрылымы, мемлекеттік сатып алулар, Ұлттық қорды пайдалану жөніндегі өте маңызды мәселелер оның назарында», – деді басқарма төрағасы.

Есенбаевтың айтуынша, Жолдаудың экономикалық, әлеуметтік және әдістемелік аспектілеріне қысқаша тоқталуына мына екі себеп әсер еткен көрінеді.

«Жолдауда аталған бірінші Әлеуметтік кодексті әзірлеу идеясы мемлекеттік органдардың қызметін онтайландырудан гөрі азаматтарға ыңғайлы болуға бағытталған. Біріншіден, стратегиялық құжаттың тұтастығын және Мемлекет басшысының тактикалық және жақтылығын атап өткім келеді. Меніңше, ол қарапайым шешімдердің, нақты жобалардың және нақты көрсеткіштердің жақтаушысы. Кейде гуманитарлық бағыттар жетіспей жататын, сол сияқты шешім ұсына алмай жатқан тұсымыз болады. Екіншіден, азаматтардың өз-өзін тануы мен Жолдауда көтерілген жеке құндылықтар жүйесін қалыптастыру мәселелері біздің институттың тікелей құзыретіне жатады және бұл тақырып сіздің кәсіби қызығушылықтарыңыздың салаларымен тығыз байланысты болғандықтан, біздің бүгінгі әңгімеміз осы бағытта өтеді деп күтеміз», – дейді басқарма төрағасы.

Бұдан кейін «Рухани жаңғыру» қоғамдық даму институты Қоғамдық процес-

терді зерттеу орталығының жетекшісі Қазбек Майгелдинов қоғамдағы процесстерді талдап, зерттейтін сарапшылар алаңының мақсатын тсіндірді. Оның ойынша, қоғамдағы жайттарды талдап, уақытылы баға беретін саяси алаңдардың аздығы байқалып жүр. Сол себепті сарапшылар алаңының болуы маңызды.

«Биылғы Жолдаудың бірнеше ерекшелігі бар. Әсіресе, пандемиядан кейінгі жалпы ішкі даму бойынша басты бағыттарды Президент атап өтті. Дегенмен күн тәртібінде Жолдау аясындағы берілген басымдықтарды және Жолдаудың маңызы, стратегиялық бағыттарын түсіндіру, талқылау тұр. Жолдауда көпшілік күткен жайт – халықтың әл-ауқатын арттыру. Пандемия кезінде елдің әлеуметтік жағдайы ең түйткілді мәселенің бірі болды. Яғни, көпбалалы аналардың талабы – жұмыссыздық және шағын, орта кәсіпкерлік. Биылғы Жолдау – пандемиядан сабақ алып, енді одан шығу жоспары. Дәлірек айтсақ, Президент дәрігерлер мен мұғалімдердің енбегін бағалау керегін үнемі айтады, нәтижесінде олардың жалақысы көтерілді», – деді Майгелдинов.

Өз кезегінде ҚСЗИ қоғамдық-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы Индира Рыстина Жолдаудың құжат қана емес, жалпы мемлекеттік жобалаудың негізгі құралы ретінде бекітіліп отырғанын баяндады.

«Президент Жолдауы бүгінде тек қана құжат ретінде емес, бұл жалпы мемлекеттік жобалаудың негізгі инструменті ретінде бекітіліп отыр. Жолдауда айтылған дүниелер ары қарай мемлекеттік жобалау, жоспарлау жұмыстарының алдында тұратын құжат болып келеді. Саяси блокты талдауға көшетін болсақ, саяси модернизация төңірегінде негізгі бағыттар айқындалды. Сонымен қатар әйелдер мен жастар категориясына енді мүмкіндігі шектеулі азаматтарда кіріп жатыр. Бұл – инклюзияға деген мемлекеттің көзқарасы. Азамат құқығын қорғау адам құқығының мүмкіндіктерінің теңесуіне әкелетін бір фактор», – деді сарапшы.

Басқосудың соңында Сағар талқысының нәтижесінде арнайы қарар қабылданатынын айтылды. Барлық ұсыныстар Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне резолюция ретінде жолданбақ. Сарапшылар алаңы енді Жолдау кезінде ғана емес, одан кейін де жұмысын жалғастырып, қоғамдық-саяси процесстерді назарда ұстамақ ниетте.

М.ТӨЛЕУ

## Жаңа мүмкіндіктер бастамасы

Болашағын бүгіннен ойлайтын ел қашанда стратегиялық маңызды мәселелерді және оны шешудің жолдарын күн тәртібіне шығарып отырады. Мұның жасампаз бір көрінісі – республика Президентінің халыққа жасайтын дәстүрлі Жолдаулары. Республика Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қорытындыланатын қарсаңда Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты үшінші Жолдауы да тәуелсіз еліміз дамуының бағыт-бағдарын айқындап, алда тұрған аса маңызды міндеттерді нақты көрсетіп берді.

Әр кезең, тіпті әр жылдың өзінде ел алдында, қоғам алдында шешімін табуы тиіс мәселелер туындайды. «Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұрған еліміз үшін бұл кезеңнің оңай болмайтынын қазірдің өзінде айқын байқалады. Сондықтан кез келген сын-кәтерге дайын болуға тиіспіз», – дей келе Президент Қазақстан халқына биылғы Жолдауын аса маңызды деген жеті мәселеге арнады. Бұл мәселелердің біздің барлығымыздың да экономикалық, әлеуметтік ахуалымызға тікелей де, жанама да қатысы болғандықтан, ой таратып көрейік.

Қоғамдағы бірлік пен келісімнің сақталуында әдебиет пен өнердің және осы рухани сала өкілдерінің рөлі ерекше екені белгілі. Сондықтан да Жолдауда «Қоғамды ұйыстыру, ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде еліміздің тарихи мұрасын және мәдени әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән берілді, осы орайда Қазақстанның мүмкіндіктері зор, соның ішінде өзін халықаралық аренада тиімді таныта алады» делінуі біздің ұжымның да алдағы мақсат-міндеттерін нақтылай түсуге мүмкіндік тудырады. Өнер саласындағы талантты жастардың әлеуетін аша түсу мәселесі нақты сөз болған Жолдауда жаңа жанр



түрлерін игеріп, ұдайы ізденіс үстінде жүретін жас әрі дарынды мүсіншілер, суретшілер, театр қызметкерлері, музыканттар, қаламгерлерді дәріптеуге бағытталған нақты шаралар жоспары қажеттігі, сондықтан да оны Үкімет сарапшылармен бірлесіп, жыл соңына дейін ұсынуы тапсырылды. Бұл жаңа мәдениетті және оның дарынды өкілдерін қолдау, бәсекеге қабілетті жастардың жолын ашу деген сөз. Осы орайда театрымыз да өз тарапынан жаңа идеялар, ұсыныстар беруі қажет болады. Жолдауда еліміз алдындағы асқаралы міндеттердің жүзеге асуы үшін, мемлекетімізде, ең алдымен тұрақтылық, қоғамдық, ұлтаралық, конфессияаралық келісімнің рөлі туралы қадап айтылуы бекер емес. Әлем барынша ашық, ақпараттар тасқыны заманында әрбір адамның сыни ойлау қабілеті қалғаймауы қажет. Қоғамдағы тұрақтылық, демократиялық құндылықтардың жеңіл пікір, желбуаз сөзбен аяқасты болмауына біздің әрқайсысымыз жауаптымыз. Өз Жолдауында Мемлекет басшысы зиялы қауымға үлкен міндет жүктеді. «Халқымыз үшін зиялы қауымның орны қашанда ерекше. Ұлт тағдыры сыңа түскен сәтте көзі ашық азаматтар әрдайым көш бастаған. Адам-

қанға жөн сілтеп, жастарға бағыт-бағдар берген. Ел ағалары бірауыз сөзбен тентегін тыйып, тектісін төрге оздырған. Біз қанымызға сінген осы қасиеттен айырылмауымыз керек» деуі көп жайтты аңғартады. Бүгінде зиялы қауымның саликалы ой-пікірі қоғамға ауадай қажет болып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен де зиялы қауымның үні қазіргі – бейберекет шығармашылық ынтымақтық санасын ұлап жатқан интернет дәуірінде қатты естілуі қажет-ақ. Бұған, бәлкім ортақ талқы алаңдарын қарастырып көру, театрдағы зиялылардың сөзімен қатар, жоғарыда айтқандай, қабілетті жастарды «жұлдыз» бейнесінде емес, рухани мазмұнды өнер иесі ретінде танытуға байланысты республикалық баспасөзбен, сайттармен шығармашылық ынтымақтық мәселелерін қарастыру керек болар.

Біз мүмкіндігінше Президент Жолдауының мән-мазмұнын аша түсуге ұмтылды. Бұл қарқетіміз, әсіресе жас буынға пайдалы болар. Қоғамдық сананың бір формасы – өнер, оның ішінде сахна өнерінің де даму-өркендеу тетіктері мемлекеттік маңызды құжаттарда айқындалады. Сондықтан да Президенттің осы Жолдауын саралай оқу, алдағы уақытта бағдарға алу – жас буын үшін азаматтық толысу, рухани өсудің бір көрсеткіші.

Бұл Жолдауда еліміздің саяси-экономикалық ахуалымен қатар, халқымыздың әлеуметтік, рухани ахуалына және қажеттіліктеріне баса мән берілді. Біздіңше, бұл – нақты қимыл-қарекетке бастайтын Жолдау. Ендеше бүкіл қоғам болып ұйысып, әрбір сала, әр ұжым мақсатты түрде қимыл-қарекетке кірісуі керек. Біздің ұжымды да осыған шақырамын.

Еркін ЖУСУПБЕК,

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

## Ғылымды дамытуға серпін береді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында елдің экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының маңызды бағыттарын белгілеп бергені анық. Ғылым саласының өкілі ретінде мені еліміздің ғылыми әлеуетін нығайту шараларына Мемлекет басшысының ерекше назар аударғаны қуантты.

Кез келген мемлекеттің дамуы үшін ғылым саласы айрықша рөл атқарады. Сондықтан Білім күнінде жасалған Жолдау аталған бағыттағы жұмысқа тың серпін берері сөзсіз. Өйткені Президент ғылым саласында жанауша көзқарасқа жетелейтін басымдықтар туралы ашық айтты. Оның ішінде ғылымды дамытуға қатысты заңнамаға өзгерістер енгізу, еліміздің жетекші ғылымдарын лайықты жалақымен қамтамасыз ету, іргелі зерттеулермен айналысатын жетекші ғылыми-зерттеу институттарын ашық іріктеу негізінде тікелей қаржыландыру және мемлекеттік гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұлғайту шаралары көптеген ғылымды бейжай қалдырған жоқ деуге болады. Бұл Президент тапсырмалары мемлекет тарапынан ғылымды қолдау шараларының жүйесін онтайландырып, экономиканың өсуіне әсер ететін ғылыми-зерттеулер мен инновациялар деңгейінің жоғарылауына ықпал етпек.

Соңғы жылдары ғылымды дамытуға енгізіліп жатқан жаңа мүмкіндіктер мен



атқарылған іс-шаралар туралы көптеген мысал келтіре аламыз. Мәселен, кейінгі екі жылда ғылымды қаржыландыру екі есе өсті. Өткен жылдан бастап Білім және ғылым министрлігінің ғылыми ұйымдарының базасын жаңарту мен нығайту үшін жаңа бюджеттік бағдарлама жұмыс істеп жатыр. БҒМ тарапынан ұйымдастырылатын гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсы жыл сайын өткізілетін болды. Ғылымдарды, олардың ішінде жас зерттеушілерді қолдау үшін жеке бағдарламалардың енгізілуі де көңілге қуаныш ұялатады. Сондай-ақ БҒМ-нің қазақстандық ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін ұсынатын 2025 жылға дейінгі ғылымды дамытудың тұжырымдамасын ғылыми қауымдастықпен ашық және өте белсенді талқылауы мемлекеттің ғылыми-

зерттеулердің ауқымды дамуына мүдделі екенінен бірден-бір дәлелі.

Мемлекет басшысы ғалымдардың алдына «уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу» міндетін қойды. Бұл кәсіби зерттеушілер қауымдастығының бүгінде қажет нәтижелерді ұсынуға қаншалықты дайын екеніне байланысты. Ал әлеуметтік-гуманитарлық білімге келетін болсақ, ол әлеуметтік үдерістерді басқарудың және елдің рухани атмосферасын қалыптастырудың көптеген құралының қажетті негізіне айналуы тиіс. Осы орайда БҒМ Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты қазір елдің қоғамдық дамуы бойынша зерттеулерді жана сапалы деңгейге жеткізуге бағытталған «2025 жылға дейінгі трансформациялар стратегиясы» жүзеге асыра бастағанын айта кетуіміз керек. Бүгінде әлеуметтік-саяси жаңғыру, ұлттаралық және конфессияаралық қатынастарды дамыту, зайырлы және діни құндылықтардың теңдігі, тәуелсіз Қазақстандағы ішкі саяси тұрақтылық қағидаларын жүзеге асыру тәжірибесі секілді өзекті мәселелер ғалымдардың ерекше назарында тұр.

Президент ел үшін ғылым саласының маңызын нұсқап, мемлекет қашанда ғалымдарға қолдауды күшейте беретінін жеткізді. Енді ғылыми қауымдастық та заманауи сын-кәтерлерге жауап беруге дайын екенін дәлелдей білу қажет деп есептеймін.

Шолпан ЖАМАНБАЛАЕВА,

Философия, саясаттану және дінтану институты бас директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚЖМ ҰҒА академигі

# Жамаубаев Президент мораторийін тоқтатпақ

(Басы 1-бетте)  
Айхан ШӨРІП

Бұған қоса, шамамен 1,2 миллион салық төлеуші 3 жыл бойы табыс салығын төлеуден босатылды. Тісінше, бюджет осы кезеңде 380 миллиард тенгеден астам қаржыдан қағылады.

Ақыры Қаржы министрі ойлана келе, шағын және орта бизнесті тексеруге былтыр Президент енгізген мораторийді ішінара жоюды ұсынды. Ерулан Жамаубаев өз ведомствосының мүдделі меморандармен бірлесіп, көлденкелі экономикаға қарсы тұруға бағытталған іс-шаралар жоспарын іске асырып жатқанын жеткізді.

—Мәселен, 2021–2022 жылдарға арналған бюджет кірістерін ұлғайту жөніндегі шаралар қатарында мыналар бар: шекарадағы көлденкелі экономикаға және заңсыз сауда айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары жүзеге асырылады. Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесі жетілдіріледі. Цифрлық шешімдерді енгізе отырып, кедендік инфрақұрылым жаңғыртылады. Ірі бизнеске қолданылатын мониторинг жүргізудің пилоттық жобасы кеңейтіледі. Шетелдік салық әкімшіліктерімен өзара іс-қимыл күшейтіледі. Микро және шағын бизнеске тексеру жүргізуге мораторийді күшін жою мәселесі қаралады, — деді бас қаржыгер.

Оның дәйектеуінше, жосықсыз шағын-ұсақ кәсіпкерлер бұл мораторийді жазадан құтылу үшін пайдаланып жатыр. Олар заң бұзып, бассыз кетті. Тіпті, салығын тұрақты төлеуден жалтаралы екен.

## ТӨРТП ЕМЕС, ТАБЫС ТӨМЕНДЕЛІ

Пандемия кезінде мемлекет қазынасы біраз босап қалды. Алайда осы кезеңде шағын және ұсақ бизнес те қон жылып үлгерген жоқ. Сондықтан Үкімет мүшесінің бұл ұсынысы қоғам тарапынан қолдау таппады.

# Омбудсмен сенімнен айырылды ма?



**Абай ауылында бала зорлау фактісі тіркелгеннен кейін 3 жыл өтті. Жақында The Village Kazakhstan жұмыс қоғамда резонанс тудырған мақаласын жариялады. Осыдан кейін Бала құқығын қорғау омбудсмені Аружан Саин түсініктеме беріп, баланың жағдайы жақсы екенін айтса да, жұрт сеніңкірмейді. Өйткені оның жұмысына күмәнмен қарайтындар қатары көбейген.**

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

## ҚАЙ ФАКТИГЕ СЕНЕМІЗ?

Жағдайдың жай-жапсарын жазбас бұрын статистикаға көз жүгіртсек. Себебі елімізде бала құқығы, оның ішінде зорлау фактісі жиілеген. Мысалы, өткен жылы Бала құқығын қорғау комитетінде 454 мың баланың құқықтық мәселесі қаралған. Оның үстіне пандемия кезінде үй ішіндегі зорлық-зомбылықтың көбейгені тағы бар. 2020 жылы 825 бала зорланған болса, соның 669-ы жақындары тарапынан зәбір көрген. Нәтижесінде, қылмыстың 80%-ын балалар мен жасөспірімдердің жақын-жуығы жасаған. Бұл деректер бала құқығы жөнінде әлі де насихат керетін, арнайы жоспар бойынша әрекет ету қажетін көрсететіндей.

Жоғарыдағы мәселеге оралсақ, мақала авторлары баланың әжесімен сұхбаттасқан. Әжей немересін зорлаған төрт баланың бірінің анасы үйлеріне келіп, жиі шу шығаратынын, жағдайдың сол күйі қалғанын мәлімдеген. Яғни, жауаптылар жұмысынан уақытша шеттетілгеннен, кейіннен бәрі қаз-қалпына түскен. Кейуана мұның себебін қылмыс жасаған балалардың ықпалды отбасының ұрпағы екенімен байланыстырады. Таңданырлығы, отандық арналардың бірі баланың аты-жөні мен түрін көрсеткеннен кейін бала ортамен араласуды қойған. Егер осы дерек расталса, оның зорлау оқиғасынан бір, қоғамдағы адамдардың көзқарасынан екінші рет соққы алғаны анық. Жеме-жемге келгенде баланың қоғамнан бөлініп, депрессияға түскеніне кім жауап береді? Осы тұста отандық БАҚ-та мұндай қателер жиі қайталанатынын ескерген жөн. Себебі салада рейтинг үшін түрлі қаламға барып жатады.

Әрине, маңызды деталь бұл емес дерсіз. Осындай мәлімдемеден кейін Бала құқығы бойынша омбудсмен бала анасы-

Өткен жылы 20 мыңға жуық шағын және орта бизнес нысаны дәрменсіз жағдайға жетіп, жабылып тынған. Қалғандарының көбісі тиынды тынға жалғап, әзер күн көріп жатыр. Шенеуніктер олардың қызметіне шектеулер енгізді. Ashyq қосылмағанының ашылуына жол бермей отыр. Вакцина салғызбаған қызметкерлерін шеттетуге мәжбүр кәсіпорындар мен ұйымдар толық қуатында жұмыс істей алмай жатыр. Бұларға санитаризер, тепловизор, бетперде сатып алу, үнемі дезинфекция жүргізу секілді қаптаған жаңа шығындар қосылды. Бұл ретте олар салығын, әлеуметтік аударымдары мен жарналарын төлеуге міндетті.

Бұған тексерулер, бақылаулар мен қадағалаулар қосылса, бизнестің омыртқасын опырып кетуі ғажап емес.

«Атамекен» ҰҚП төралқасының мүшесі, кәсіпкер Мақсұт Барышевтің пікірінше, шағын бизнес бюджеттің доноры болмауы тиіс, оның миссиясы басқа: ол елде әлеуметтік кернеуді босансытуға жауап береді. Ол «Министр осы бастамасымен «лоқдаун кезінде жүрелен қалған бизнесті түбегейлі жайратып тастағысы келе ме?» деген сауал тастады. Бизнесмен салықтың азаюына кәсіпкерлердің жауапкершілігі ментәртбінің төмендеуі емес, пандемияның ықпал еткенін ескертті.

«Карантин жалғасқанына қарамастан, Үкімет 2021 жылы бизнесті қосымша қолдауды тоқтатты. Яғни, кәсіпкерлік күйзеліп, жиналатын салық азая бермек. Енді салықты көбірек жию үшін бизнесті тексерушілер сілкілеуге кіріспек. Мұны әрине, қолдауға болмайды. Санитарлық дәрігер қаулыларымен демалыс күндері локдаун енгізілді, жұмыс күндерінде жұмыс уақыты шектелді. Бизнес шектеулер кесірінен өз сатылымының 70%-ын жоғалтты. Салықтар да осыншаға азайды. Ендеше Президенттің сарабал шешімі сакталғаны жөн. Ол алда бизнестің енсе тіктеуіне және көбірек салық төлей бас-

тауына көмектеседі», — деді М.Барышев.

Оның дерегінше, Президент кәсіпкерлерді барып тексеруге ғана мораторий жариялады. Сол себепті Қаржы министрлігі өзге тексерулерін жалғастыруда және оны шынайы уақыт режимінде өткізеді: барлық операция деректерді онлайн жолдайтын бақылау-кассалық машиналар, электронды шот-фактура, камералды бақылау арқылы жүргізіледі.

## БИЗНЕС «ШЫҚПА ЖАНЫМ, ШЫҚПА» ЖАҒДАЙЫНДА

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіннов талқыға түскен бастама Мемлекет басшысының тапсырмасына да, саясатына да қайшы келеді деген пікірде.

«Мораторийді жою — ақылға сыймайтын іс. Ол меморандарды бизнестің қызметіне араласуынан қорғайтын пәрменді шара. Өкінішке қарай, шенеуніктер Президенттің мораторийді енгізген Жарлығының аясынан алып тастауға жататын ерекшеліктер тізбесін кеңейту талаптарын тоқтатар емес. Салық органдары осыны да қарсы тексерулерді, тақырыптық салықтық тексерулерді, ірі бизнеске және жер койнауын пайдаланушыларға тексерулерді сактап қалды. Ал Қаржы министрлігінің жаңа бастамасы кәсіпкерлікке түсетін жүктеменің едәуір артуына алып келуі мүмкін», — деді бизнес-омбудсмен.

Оның айтуынша, «кәсіпкерлер табысын жасырып отырған жоқ»: олардың аз салық төлеуі — табысының төмендеуімен, ал табысының төмендеуі — халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуімен байланысты. Демек, министрдің бюджет түсімінің қысқаруын «пандемияда кәсіпкерлердің қасалық тәртібінің төмендігімен байланыстыру» дұрыс емес.

«Шағын бизнес онысыз да «шықпа жаным, шықпа» деп отыр. Ресми статистика бойынша, 1,3 миллионнан астам шағын және орта бизнес субъектісінің



99,8%-ы шағын кәсіпкерлік. Мораторий жойылғанда салына бастайтын кез келген айыппұл санкциялары олар үшін зор ауыртпалыққа айналады. Бұл олардың қызметкерлерін қысқартуына, жалақыны төмендетуіне әкелуі мүмкін. Тағы көлденкелі экономиканың артуына жол береміз. Қазіргі жағдайда әлеуметтік шиеленісті күшейтетін және микро, шағын кәсіпкерлік нысандарының жабылуына соқтыратын танымал емес әдістерге жол беруге болмайды», — деген омбудсмен Үкімет басшысына бұл бастаманы тоқтату туралы ұсыныс жолдағанын мәлім етті.

Шағын кәсіпкер Руслан Әміров шенділердің бұл идеясы зиян дейді.

«Кәсіпкерлер тек өзі мен отбасын ғана емес, қаншама жалдамалы жұмыскерді жұмыс беріп, асырап отыр. Салықшылар бизнесті күйретсе, қаптаған жұмыссыздар армиясын мемлекеттің өзіне асырауға тура келетінін түсінбейді. Барлық микро және шағын кәсіпкер салық төлемей қойса, сондай шетін шараға баруға болар еді. Алайда заң бұзған бірлі-жарымы үшін мораторийді жоюға бола ма? Бәріміздің мойнымызда кредит бар, олар бойынша төлемді бір кешіктірсең, банктер айыппұл мен өсімүлдің астында қалдырады. Бірекі жыл шыдай тұрсақ, дағдарыс та кетер деп әзер жүрміз», — дейді ол.

Айта кету керек, министр Ерулан Жамаубаев ұшықалды мораторийді тек

«адал емес кәсіпкерлер» үшін ғана жоюды ұсынған болатын. Өз ісіне адалдарына оның қатысы болмайтын көрінеді. Бірақ бизнесмендер ісі де, ниеті де таза кәсіпкерге салықшылар тиіспейді дегенге сенбейді. Себебі кез келген бизнес нысанын тексеру үшін әлдебір азамат соған қарсы шағым жазса, жеткілікті. Бұл ретте арызданушының ол компания клиенті болуы да шарт емес. Салдарынан бақылаушы-қадағалаушы органдардың төл «кезекші шағымшылары» пайда болғаны жасырын емес. Бұл кесірлі тәжірибеге Президент мораторийі тоқтау салды. «Штаттан тыс» шағымшылардың қызметіне деген қажеттілік жойылды.

«Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасының орынбасары Шыңғыс Темір тексерулер қайта жанданғанын өзінде олардың тиімділік әкелеріне күмәндалды. Оның мәліметінше, 2020 жылы бүкіл жеке кәсіпкерлік нысандарына барлық бақылаушы орган 22 266 тексеріс жүргізіпті. Бұл субъектілердің бәріне дерлік күдік келтірілгенімен, ақыр соңында 12 173-інен немесе 55%-ынан бұзушылық табылған. Мораторий енгізілгенге дейін, 2019 жылы 119949 тексеріс ұйымдастырылыпты. Нәтижесінде, 55 061-інен немесе 46%-ынан жөнсіздік анықталған. Олай болса, жағдай күрт нашарлады деуге негіз жоғы аңғарылады.

# Қайыр қылсаң, бүтін қыл

(Басы 1-бетте)

Жадыра МҮСІЛІМ

## «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ

Күні кеше Түркістан облысы жауаптыларының жасаған «жақсылығы» жұрттың ашуын келтірді. «Мектепке жол» акциясы аясында әкелген киімдер оқушылардың өзіне емес, әкелеріне шақ болып шыққан. Көпбалалы ана ұлдарына берілген мектеп формасының өлшемі бір емес, бірнеше есеге үлкен болып шыққанын айтады. Ал қыздарына деп берілген киім-кешек кешігіп келген. «Нарықтағы киімдердің өлшемі әртүрлі. Біз бір жарым жыл бойы онлайн оқығандықтан, былтыр киім алған жоқпыз. Сондықтан екі жыл бұрын алған формадан бір-екі өлшем үлкеніне тапсырыс бердім. Балалардың киімі мен көрсеткен өлшемдермен келді. Бірақ әкелген киімдері балаларға емес, ересектерге арналған киімдер екен. Аяқкіімдері де үлкендерге арналған», — дейді Қапқап ауылының тұрғыны Гүлшат Вафазова. Оның айтуынша, 3 тамыз күні оған балаларының оқуға дайындығына бір реттік АӘК ретінде 250 мың теңге тағайындалған. Аудандық білім бөлімінің мамандары көпбалалы анаға атаулы көмектің орнына 1 қыркүйекке дейін балаларына жаңа мектеп формасы және оқуға қажетті құрал-жабдықтар берілетінін айтты. Қуанышы қойнына сыймаған ана мектеп формасын 31 тамыз күні түнгі сағат 1-де бір-ақ алыпты. Алайда ұзақ күттірген киімдерінің өлшемі ересек адамдарға арналған екен. Ал қыздарының мектеп формасын одан да кешіктіріп берген.

## САПАСЫНА СЫН ТАҒА АЛМАЙМЫЗ

Елордада биыл жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде 15 мыңға жуық балаға атаулы әлеуметтік көмек берілген. Тамыздың 11-нен басталған жыл сайынғы жалпыға бірдей міндетті орта білім беру бағдарламасы аясында белгілі бір санаттағы оқушыларға мектеп киімі, аяқкіім және жазу керек-жарақтарын сатып алуға материалдық көмек көрсетіледі. Өткен жылы оны 13 245 оқушы алса, биыл 15 мыңға жуық оқушы осындай көмекпен қамтамасыз етіліпті. Сонымен қатар елорда оқушыларына «Мектепке жол» дәстүрлі акциясы аясында да көмек көрсетілді. Жыл басынан бері 7 мыңға жуық бала мектепке қажетті кеңсе тауарларымен қамтылған. Бұдан бөлек, аудандық әкімдіктер 2 100 балаға керек-жарақтарын бар мектеп рюкзактарын табыс етіпті. Әкімдіктің осындай көмегін алған Рызхан Астаналық атқамінерлерге дән риза екенін жеткізді. «Ортаншы баламың бес баласы бар. Оның екеуі мектепке оқиды. Немерелеріміз мектептегі мұғалімдері әкімдікке аты-жөндерін ұсынып қойыпты. Сабак басталарынан алдында әкімдіктен хабарласып, мектепке қажетті заттар берілетінін айтты. Былтыр да, биыл да мектеп сөмкесімен бірге қажетті кеңсе тауарларын алдым. Сапасына сын таға алмаймыз. Сөмкесі де, қалам-қарындары да «Абди» дүкендер желісінен алыпты. Бұл да болса көмек», — дейді ағынан жарылған Рызхан апа.

## ЕШКІМНЕН ЕШТЕНЕ

ЖАСЫРА АЛМАЙСЫҢ

Алматы облыстық Jetisu Media мемлекеттік мекемесінің маманы Анар Сабырқызы аймақта қолға алынбай жүрген қайырымдылық акциялары туралы егер пікір болмағанын алға тартты. «Егер сапасыз дүние үлестірілетін болса, ондай жағдайды жасыру мүмкін емес. Қазір барлығының қолында смартфон бар. Кез келген желіге салса болды, бүкіл республика біледі. Сондықтан ешкімнен ештенені жасыра алмайсың. Менің білуімше, биыл облыста 75 мыңға жуық бала «Мектепке жол» акциясы аясында көмек алған. Жағдайы жоқ отбасыларға бұл үлкен көмек. Өйткені бір үйде бірнеше оқушысы бар отбасыларда бір балаға керек-жарақ алуға біраз қаржы керек. Оның үстіне пандемия кезінде табысы төмендеген отбасылар бар. Сондықтан жауаптылар мемлекет атынан берілетін дүниені қалтасына баспай әділ, адал жолмен үлестіре ігі», — дейді ол. Оның айтуынша, қайырымдылықты жарнамалауда тұрған ештеңе жоқ. Осылай деп санайтын Анар Сабырқызы мемлекеттік бағдарламаны жарнамалай отырып, қалталы адамдардың санасына сілкініс жасауға болады екен. «Жарнамалау арқылы азаматтарға ой сала аламыз. Өйткені біздің қоғамда бір-біріннен асып түскісі келіп тұратын адамдар көп. Бір кісі қайырымдылық қылса, екінші қалталы адам одан да асып түскісі келіп, жоғартық жасауы мүмкін. Ал егер шын мәнінде бір қап ұнын көтеріп, мың рет суретке түсіп көзбояушылық жасап жүргендердікі ұят тірлік. Бір жағынан мемлекеттік бағдарламаны аясында жасалып жатқан дүниені көрсеткен дұрыс. Оның да өз есебі бар», — дейді Анар Сабырқызы.

Ата-жөнін атам ауымызды өтінген Алматы облысының тұрғыны, алты баланың анасы: «Зейнеткерлерге бір келі күріш, бір келі кант, бір келі кеспе әкеледі. «Мектепке жол» акциясы деп керек-жарақтар үлестіреді. Әлеуметтік желіге қарасаң, біздің қарттар мен оқушыларға барлық жағдай жасалып жүрген секілді. Бірақ беріп жатқан дүниелері сапасыз. Әкелген көмпиттерді қатып қалған, шалыларың түсі не дәмі жоқ. Бір келі кеспе алып бергенше, бір келі ет алып берсе ғой. Болмаса, қажетті дәрі-дәрмегін әкелсе, дұрыс болар еді. Оқушыларға да арзан дүниені құшақтап келіп, керемет қылып көрсетіп жатады. Оның орнына әркімнің қарточкасына ақшалай бере салса болады емес пе? Бізде міндетті түрде жарнамалап «беріп жатырмыз» деп ауыз толтырып айтады. Берген сөмкелері бір жылға өрен шыдайды», — дейді.

Бір адамның шынайы ризашылығына бөленіп, қайырымдылық жасау үшін жүректің мейірім мен ниеттің адалдығы болса жеткілікті. Өкінішке қарай, қазіргі қайырымдылықты берекенің кілті деп емес, жарнама жасауға таптырмаса мүмкіндік деп түсінетіндер көп. Асыл дінімізде де «Әрі жақсылықты көп болып қайту үшін жасама» деп бұйырады. Ендеше мемлекет тарапынан жасалатын жақсылықты адал жолмен әрі қайтарымын күтпей қайырымдылық қылсақ, қанекі?!

# Медицинадағы «қосып жазу» пандемиясы



(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Қор кезекті рет заң бұзушы барлық денсаулық сақтау субъектісіне айыппұл салды. Дегенмен дәл осы жөнсіздіктердің келесі жылы қайталанбауына еш кепіл жоқ. Себебі медициналық ұйымдар қордан тек нақты көрсеткен мед-қызметіне ғана мардымсыз ақы алғаннан гөрі көрсеткішті қолдан «компаитып», мол төлемге қол жеткізген-ді, егер қулығы ашылса, айыппұл төлеп құтылғанды жөн көреді.

Негізі, емхана дәрігеріне ай бойы жазыла алмай, дер кезінде не медсактандыру, не ТМККК аясында шұғыл көмек ала алмай, ақыры ақылы емделуге мәжбүр болған қазақстандықтардың қаптаған шағымды медұйымдардың көркем көрсеткіштерін растайды.

Қор дерегіне, биылғы жартыжылдықта медкөмектің сапасы мен қолжетімділігіне қатысты халық шағымның легі артты: I тоқсанда ӘМСҚ-ға 2 599 шағым түссе, II тоқсанда ол 4 мыңға жетті. Осылайша, 2021 жылдың бірінші жартысында барлығы 6,5 мыңдай арыз-шағым айтылған. Көбі мед-

көмек көрсетуден бас тартумен (28%), медқызметтер сапасының нашарлығымен (26,3%), ақпараттық жүйеден көрсетілмеген қызметтердің әшкереленуімен (10,5%), көмекті ұзақ күтумен (7%), дәрімен қамтудан бас тартумен (6,6%) байланысты.

## «ДАМУМЕДТЕН» ТАЛАЙ «ҚЫЗЫҚҚА» ҚАНЫҚТЫ

Азаматтар күн сайын Damumed қосымшасында небір «сиқыр мен ғажайыпқа» куә болып жүр. Ақтөбе қаласының тұрғыны Динара И. өз емханасының түсініксіз тірліктеріне таң.

«Біздің «Медикус Центр» емханасы қосып жазуға кіріскенге ұқсайды. Қайда шағымданатынымды білмеймін. Бас дәрігерге әлденеше рет арыздандым. Отбасымдағылардың бәріне қатысты бұзушылық болды. Әсіресе, төрт жасар қызыма қойған «диагнозы» жаңға батты. «Дамумедке» сенсек, оның көзіне әлдебір ота жасапты. Карантин шектеулері күшейтіліп, емханалар жабылғанда балам скринингтен өтіпті. Адам сенбес ауру түрлерін ойлап тауып, ақылы клиникаларда біз бұған дейін білмеген сала мамандарына қаралауға жол ашты. Бұлардың бәрі жалған. Мұндай былық қашан тыйылады?!» — дейді ол.

Ақмолалық Гүлжанар Тасмағамбетова жаз бойы ауырғанын «Дамумед» қосымшасынан бір-ақ біледі.

«Кеше «Дамумедке» мәртебемді тексеру үшін кіргенмін. Сонда Целиноград аудандық емханасының дәрігері мені тексеріп, қызуымның жоғары екенін, тамағымның ауырғанын, жөтел қысатынын «анықтағанын» білдім. Бұл деген КВИ белгілері емес пе? Шынында, ондай болған емес. Дәреу емханаға қоңырау шалып, қарсылығымды білдірдім. Олар түзетуге уәде етті. Қосымшаға қайта кіріп қарасам, «жөтелді» алып тастапты. Дәрігерге бәрі «Мұны-ңыз не?» деп сұрасам, дұрыс жауап бере алмады. Қызымның жазбасын тексердім, оған да «тұмауратты, жөтеледі» деп жазыпты. Балам ауырған емес», — дейді ол.

Жалпы, медицина саласына бюджеттен аста-төк қаражат бағытталған. Мұның сыртында қазақстандықтардың жалақысынан мол жарна қыратын қор да салаға қаржы тасқынын тоқтасуы арындып жатыр. Нәтижесінде, медициналық ұйымдар осы тенге теңінен түрлі тәсілмен мейлінше көбірек қаражатты қарпып алуға құштынады.

2021 жылы халыққа медкөмек көрсетуге 1,8 триллион тенге жұмсалмақ. Соның ішінде ТМККК

аясында — 1,1 триллион тенге, МӘМС аясында 700 миллиард тенге қарастырылған.

Бүгінде 1 363 медициналық ұйым соның 1,46 триллион тенгені игеріп үлгеріпті. Сонша сомаға халыққа медициналық қызмет көрсеткен.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Болат Төкежановтың айтуынша, биыл МӘМС аясында қазақстандықтар мен шетелдіктерге көрсетілетін медқызмет түрлері кеңейтілді. Осы жылдан амбулаторлық-емханалық және стационарды алмастыратын көмек қолжетімді. Ауылдық денсаулық сақтауды, скринингтік бағдарламаларды, мейіркелік көмекті, патронаждық қызметті қолдау көзделген. Үлкен қаржы балалар денсаулығын сақтауға бағытталды.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды медициналық оңалту, ЭҚҰ және «Қамқорлық» квоталарын ұлғайтуды қарастыратын «Аңсаған сәби» бағдарламаларын іске асыру қолға алынды. Қосымша 29,7 млрд тенге қаражат анталаналды бақылауды жүргізуге, 12 млрд тенге тұтаннан 5 жасқа дейінгі балаларға профилактикалық тексеру жүргізуге, ал 22,5 млрд тенге мектеп медицинасын дамытуға бөлінді.

Ендеше медұйымдардағы ниеті жаман, мақсаты қарау жандардың қиял-фантазиясы үшін де кең өріс ашылған.

## ҚОР ҚОСЫП ЖАЗУМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСПЕК?

ӘМСҚ қосып жазулармен күрес жалғасатынына сендіреді.

«Медұйымдар қызметінің қолжетімділігі мен сапасы — шарттық қатынастарымыздың маңызды бөлігі. Қор оның орындалуын талап етеді. Биылдан бастап проактивті мониторинг тәжірибесі енгізілді. Оған сәйкес, жыл қорытындысын күтпей-ақ шарттық міндеттемелерді орындамау фактілері анықтала сала медұйымға міндетін тиісінше орындауға 45 күн беріледі. Егер бұзушылық мерзімінде жойылмаса, ұйымға айыппұл са-

лынады», — дейді қордың Медициналық көмек сапасын мониторингілеу департаментінің директоры Ләззат Шоманова.

Тағы бір жаңашылдық: ТМККК және МӘМС пакеттері бойынша медұйымдарға халыққа көрсеткен қызметтері үшін ақы осы қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізілгеннен кейін ғана төленеді. Бұл ретте емхана, клиника, ауруханалар сырқатты емдеу кезінде медкөмек көрсету стандарттары мен ережелерін, сондай-ақ клиникалық хаттамалардың ұсынымдарын сақтағанын құжатпен растауы тиіс, сол факті бойынша қызметтерге ақы аударылады.

Әйтпесе, кейбір сырқатқа «қолы сынды, рентгеннен өтті, лангет салынды» немесе «КТ-дан өтті» деген сияқты жазбалар жазылады. Шынында, не рентген, не КТ түсірілімі «Дамумедке» жүктелмейді. Әрине, алаяқтар мұның бәрін де қолдан жасай салмасына кепіл жоқ.

## ЖҰМЫЛА ҚИМЫЛДАСА, ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ

Сондықтан қор халықты бірлесу күресуге шақырды: егер азамат өзі алмаған қызметтің жазылғанын анықтаса, 1406 телефонына немесе Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы хабарласқаны жөн.

Бұған қоса, ӘМСҚ «жасырын пациент» акциясын жалғастырады. Оның аясында қор қызметкерлері медұйымдарға сырқат ретінде қоңырау шалып, емханалардың тіркеу мамандары мен медқызметкерлерінің сақтандыру жүйесі, МӘМС пен ТМККК-ге кіретін медқызметтер, көмек көрсету стандарттары туралы біліміне тексеріс жүргізеді.

Осындай жария етілмеген зерттеу қорытындысында Батыс Қазақстан (86%), Жамбыл (83%) және Шығыс Қазақстан (83%) облыстарының медицина қызметкерлері біршама жоғары білім деңгейін паш еткені белгілі болды. Ал Маңғыстау және Атырау облыстарындағы сырқаттар аяуға тұрар-

лық бұл өңірлерде емханалардағы жағдай нашар екені анықталды (нәтижесі 68%). Аутсайдерлер үштігіне 69% көрсеткішпен Ақтөбе облысы да кірді. Рас, мұндай мониторинг жазалау шараларын көздемейді, оны қор тек «қай өңірдің медқызметкерлерін оқыту керек?» деген сауалға жауап іздегенде ескеретін көрінеді.

Әділін айту керек, бұл тек Қазақстанда емес, бүкіл әлемде бар көрініс. Медсактандыруды бізбен қатар дамытып жатқан Ресей осы кесірілі құбылыспен күресіп келеді. Бізден айырмашылығы — солтүстік көршісі қосып жазуды тексерумен сақтандыру қоры емес, тергеу комитеті айналысады және қатаң жазалайды. Бізде тек айыппұл салынады.

«Медұйымдар ақша әкелетін жазбаларды жасанды түрде генерациялауға көшті. Бұл ақша бастағын станокты іске қосқанмен бірдей. Қызмет көрсетпей-ақ жазба толтыру арқылы ақша ала алса, одан кім қашады?! Әсіресе, жоғары технологиялы медициналық көмек саласында шығын қомақты. Онда 1,5-3 миллион рубльге дейін баратын қызмет түрлері бар. Бір ұйымда адамдарға медсактандыру, жоғары технологиялы көмек және ақылы негізде қызмет көрсетілуі мүмкін. Ұйым бір қызметін осы үш жүйеге қатар сата салады. Тек Мәскеудің өзінде қосып жазу үлесі 28%-ға дейін жеткен», — дейді РФ пациенттерді қорғау лигасының президенті Александр Саверский.

Ол медұйымдардың тағы бір қулығын айтты: мысалы, аппендицитті перитонит деп жазады, сырқаттар операция жасала болды, диагноз тексерсе бермейді. Білік әрбір дәрігердің жанына тексеруші қоя алмайды. А.Саверскийдің айтуынша, қосып жазумен тек халық болып күрессе, жеңуге болады. Өзатына басы артық диагноз не медқызмет жазылғанын аңғарған барлық азамат қорға шағымдана, медұйымдар аяғын аңдап басытын болады. Батыс елдердің озық тәжірибесі осыны айғақтайды.

# Тозығы жеткен канал көп

(Басы 1-бетте)

Дәулет АСАУ

Сондай-ақ бес жылда жалпы ұзындығы 3,3 мың шақырым болатын 212 су арнасын цифрландыру ісі де көзделген. Аталған іс-шаралар жүзеге асырылғанда ол 2,2 текше шақырым суды үнемдеуге мүмкіндік беретін көрінеді. Министрдің айтуынша, өткен жылы Түркістан облысындағы «К-19» магистральді каналын цифрландыру бойынша бірінші жоба сәтті жүзеге асырылған. Соның нәтижесінде өңірдегі шаруашылықтарға 45%-дан астам суартық жіберілетіні анықталған. Сондай-ақ 2025 жылға қарай су үнемдеу технологиялары қолданылатын аумақты 750 мың гектарға дейін жеткізу міндеті қойылды.

Бұдан бөлек, тоғыз өңірде жалпы көлемі 3,6 миллиард текше метр су жинайтын 39 қойма салу жоспарланған. «Су қоймаларын салу 20 елді мекенде (70 мың адам) су тасқыны қаупін азайтуға, 195 мың гектар жана суармалы жерлерді айналымға енгізуге және ауыл шаруашылығында 20 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді», — деді Мағұм Мырзағалиев. Айта кетейік, Түркістан облысында биыл Кеңсай—Қосқорған-2 су қоймасының құрылысы аяқталды.

Ал 2025 жылға дейін жалпы көлемі 1,7 млрд текше метр болатын су қоймаларын салу жоспарланған. Олар алты облыста бой көтеруі тиіс: Жамбыл — 3, БКО — 2, Алматы — 1, Ақмола — 1, Қызылорда — 1, Түркістан — 1.

## ТАБИҒИ АРНАЛАР ДА САРҚЫЛЫП БАРАДЫ

Биыл мамыр айының 13-18 күндері Экология министрлігі мен жергілікті атқарушы биліктің өкілдерінен құралған арнайы комиссия бастауын Ақтөбе облысынан алып, Атырау облысының аумағына дейін жететін Ойыл өзенінің жай-күйін тексерген. Соның барысында Ақтөбе облысының Мұғалжар, Қобда, Темір және Ойыл аудандары аумағынан ағып өтетін Ойыл өзенінің бойында 57 гидротехникалық құрылыстың барын анықтады. Оның ішінде: республикалық меншіктегі — 8, коммуналық меншіктегі — 3, иесіз бөгеттер — 34, көпір немесе көтерме жол — 5, тазартуды қажет ететін бұлақ саны — 7. Бөгеттер өзен арнасында Кеңес Одағы кезінде салынған, тозығы жеткен. Бұл өз кезегінде судың еркін өтуіне кедергі келтіріп, өзеннің төменгі аймағындағы

елді мекендерді судан тарықтырып қойған. Қазір осы бөгеттер бұзылып, өзен арналарын тазарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ Жайық—Каспий бассейндік инспекциясы Ойыл және Жем өзендерінің гидрологиялық ахуалын оңалтуға бағытталған іс-шаралар жоспарын бекітті.

Сондай-ақ биыл Сырдария деңгейінің төмен түсіп кетуіне байланысты су тапшылығы өзен сағасында отырған Сыр жұртшылығы да қатты сезінеді. Бұл өзеннен Қызылорда облысының басқа өңірлері сияқты Жаңақорған ауданындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілері де су алады. «Биыл Сумағар арнасы мен Келінтөбе арнасының сағасын тазартуға аудандық бюджеттен 28 млн тенге бөлінді. Сонымен қатар Қыркөксе ауылдық округіндегі Р-23, Түгіскендегі бір арна және Келінтөбедегі 3 арна осы аудандық бюджет есебінен тазаланбақшы», — дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Талғат Зейдалиев.

Жалпы, биыл ауданда 36 мың 500 гектарға егін егілсе, оның 7 мың 300 гектары — күріш. Сондай-ақ 6 елді мекенге секундына 500 литр су айлайтын 8 су сорғы құрылысы сатып алынатын болды. Осылайша, жаңақорғандықтар аз суды тиімді пайдаланудың қам-қарекетіне кіріскен.

## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА АРНАЛАР ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Биыл Тараз қаласының басшылығы шаһарды сумен жабдықтауға кедергі келтіріп тұрған ғимараттар мен үй-жай-

*Биыл Сырдария деңгейінің төмен түсіп кетуіне байланысты су тапшылығын өзен сағасында отырған Сыр жұртшылығы да қатты сезінеді.*

*Бұл өзеннен Қызылорда облысының басқа өңірлері сияқты Жаңақорған ауданындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілері де су алады.*

ларды сүріп тастауды жоспарлап отыр. Естеріңізге сала кетейік, әкімдік су арнасы ағысы бойындағы заңсыз құрылыстарды 2012 жыл-ақ сыруға ниеттенген. Тіпті, қалалық арна аумағындағы мүліктерді қаттап, үй-жай иелерінің құқық иелену құжаттарын рәсімдеуді қолға алған. Бұл жұмыстардан кейін су арнасы бойындағы құрылыстарды сыру, ал үй-жай иелері қарсылық білдірген жағдайда оларды



сотқа беру шаралары жүргізілуі тиіс еді. Бірақ белгісіз себептермен бұл процесс тоқтап қалды, керісінше осы жылдары су арнасы бойында көптеген жаңа нысан бой көтеріп үлгерді. Дегенмен Тараз қаласының әкімі Ержан Жылқыбаев биылдан бастап өзен мен қалалық су арнасы бойындағы каналды тазартуға, саландыру жүйесін жетілдіруге кедергі келтірілетін барлық заңсыз құрылыстар сырылатынын мәлімдеді.

талмаған, олар өзен жағасына тіреліп тұрған көрінеді.

Сондай-ақ облыстың Байзақ ауданындағы су арналарына да жөндеу жүргізіліп жатыр. Ол жұмыстар 2 жылдың ішінде толық аяқталуы керек.

«Аудан бойынша «Қазушар» РМҚА Жамбыл филиалы Байзақ өндірістік бөлімшесі арқылы 438 шақырымды құрайтын 72 су арнасына жөндеу жұмыстары басталды. Бүгінде ол бойынша жобалық-сметалық құжаттарға шлюздер орнату мен қолайлы жағдайлар жасау үшін өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады. Бұл жұмыстар биыл шешімін табуы тиіс. Ондағы жөндеу жұмыстары жоспар бойынша 2022 жылы аяқталады, — аудан әкімі Нұржан Нұржігітов.

## ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛУҒА ҚАЖЕТ

Жақында Душанбе қаласында Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.Мырзағалиев пен Тәжікстан Республикасының Энергетика және су шаруашылығы министрі Д.Джума кездесіп, тараптар екі елдің су шаруашылығының мәселелерін талқылады.

Қол жеткізген келісім бойынша Тәжікстан Бахри-Точик су қоймасының «Достық» су арнасының қазақстандық бөлігіне су беру көлемін 80 м3/с-нан 100

м3/с-қа дейін ұлғайтты. Бұл суармалы су тапшылығы уақытында вегетация кезеңі қалыпты жағдайда өтуіне мүмкіндік беріп, Түркістан облысының Жетісай және Мақтаарал аудандарында жыл сайын қайталанатын су тапшылығының алдын алды. Бұған дейін «Достық» магистральді арнасы арқылы келетін ағын су жеткіліксіз болған жағдайда ол мөлшер аталған аудандарға «Шардара» су қоймасынан машиналық әдіспен берілетін.

«Біз қазір судың аз ықылданамыз. Сол себептен осы екі ауданға да жеткілікті мөлшерде ағын судың берілуін қамтамасыз ету үшін оны тиімді әрі үнемді пайдалануымыз қажет. «Достық» магистральді су арнасының ағын суы жеткіліксіз болған жағдайда «Машиналық әдіспен су көтеру» каналын қосу туралы шешімді алдағы күндері түпкілікті қабылдайтын боламыз», — деді Экология вице-министрі Серік Қожаниязов.

Сондай-ақ Қазақстан жағы Қырғыз Республикасының басшылығымен болған кездесуде Токтоғұл су қоймасынан Сырдария өзенінің арнасына маусымтамыз айларында 330 млн м<sup>3</sup> су көлемінде қосымша су жіберу туралы келісімге келген. Оған қоса, Қытаймен, Ресеймен, Өзбекстанмен трансшекаралық су ресурстарды бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілді.

# АРАЛТҮЗДІК ЖҰМЫСШЫЛАР ЕРЕУІЛГЕ НЕГЕ ШЫҚТЫ?

Жалақыларын көтеруді талап еткен «Аралтүз» акционерлік қоғамының жұмысшылары 6 күннен бері жұмысқа шықпады. Олар «компания басшылығы еңбек-ақымызды 100 пайыз көтерсін» дейді. «Зиян жерде күндіз-түні тынбай еңбек етудеміз» деген тұзшылар табысымыз бейнетімізге татымайды дегенді айтады. Жалпы, Арал ауданының тұрғындарына экологиялық аймақ болғандықтан, жалақысына 50 пайыз мемлекет тарапынан үстемақы қосылады. Қазір айына 70-80 мың теңге ғана жалақы алып жүрген қызметкерлер «Ауыр еңбегіміз үшін «Аралтүз» компаниясы әр жұмысшыға 35-40 мың теңге төлеп отыр» деп ашынады.

— Менің осы өндіріс орнында жұмыс істеп жатқаным 20 жылдан асты. Осы уақытқа дейін компания қызметкерлері жарытып жалақы алған емес. Біз еңбекақымызды өсіруді жыл сайын басшылық назарына салып келеміз. Бірақ ондағылар алдаусыратып азын-аулақ қана ақша қосады. Қазір барлық зат қымбат. Бала-шағамызға айлығымыздың көлемін айтуға ұяламыз. Оның үстіне мұнда жұмысшыларға жағдай да жасалмайды. Мен мысалы тұз шахтасында қызмет атқарамын. Бізге ауызсуды тасымал арқылы жеткізеді. Бір бөшкеге аптасына бір құйып кетеді. Күн ыстығында ол су құртпаған күндері болған. Бірақ соны ішуге мәжбүрміз, — дейді «Аралтүз» АҚ-ның өндіріс цехының бригадирі Бауыржан Сәрсенбеков.

Жалақысы аздығымен қоса жағдайдың жоғын да жеткізген өндіріс орнының жұмысшылары «басшылардың әділетсіздігі де жанымызға батты» дейді. Олардың айтуынша, компания басшылығы қызметкерлеріне менсінбей қарап, қызметтік киімдерді жөнді үлестірмейтін көрінеді.

— Бізге талап бойынша қызмет орнында ақ түсті халат пен етік киіндер дейді. Ал өздері халатымызды сапасыз тауардан тігіп таратады. Ешкімнің киімінің өлшемін сұрамайды. Барлық халат үлкен кісілерге арналған, кен. Жұмыс істеуге ыңғайсыз. Әрі тауары сапасыз болғандықтан ауа өткізбейді. Сондықтан біз дәріханалардан ақ халатты өз қаржымызға сатып аламыз. Сондай-ақ бұл компания басшылығы қызметтік киімді қысқы-жазғы деп те бөлмейді. Қысқы етікті күннің ыстығында да киіп жүреміз. Мұнан бөлек, түскі ас ішуге 20 минут уақыт береді. Жуынатын жеріміз — асханадағы бір су ағар. Сонда жаппай жуынамыз. Намазхандар ол жерде аяқтарын да жуып жатады. Бір сөзбен айтқанда, санитарлық талаптар да сақталмайды. Осының бәрін басшылыққа айтсақ, «ұнамаса жұмыстан кет» деп жауап қайтарады. Біз өлім-жітім, құдайы-тойға да сұрана алмаймыз. Түрмедегі жазасын өтеушілердің күніндей күніміз, — дейді тасымалдау цехының операторы Сандуғаш Исмаилова.

Тұзшылар наразылығын білдірген тұста компания басшылығы



жұмысшылардың жалақысын 12,5 пайызға өсіру туралы ұсыныс айтқан. Бірақ қызметкерлер қосқалы отырған бұл қаржы бір қап ұнның бағасынан да аз деп, келісімге келуден бас тартты. «Аралтүз» АҚ-ның Кәсіподақ ұйымының төрағасы Төлеген Жайназаров «жұмысшылар бір ай бұрынғы арызында жалақыны тек 50 пайызға көтеруді сұрап еді. Басшылықтың әрекетсіздігіне ашынған халық енді 100 пайыз қосылған жұмысқа шықпаймыз дегенді айтып отыр» дейді.

— Мені «Аралтүз» АҚ-ның Кәсіподақ ұйымының төрағасы етіп сайлағанына бір жылдан асты. Осы уақыт аралығында жалақыны көтеру мәселесін бірнеше рет көтердім. Бірақ басшылық біздің талабымызды орындаудан бас тартып келеді. Осыдан 25 күн бұрынғы арызында жұмысшылар еңбек-ақысына 50 пайыз қосуды сұраған. Ашынған жұрт енді 100 пайызға

көтеруді талап етіп отыр. Айналамыздың бәрі — тұзды шаң. Денсаулыққа өте зиян десек те болады. Сол себепті қызметкерлерге сүт-айран сияқты сусындар берілуі тиіс. Бірақ кеңседе отырған директорлар мен орынбасарлар онымен шаруасы жоқ. Түскі асқа 20 минут берілгендіктен жұмысшыларды түскі аспен қамтамасыз етіндер дейміз. Оны да орындап отырған басшылық жоқ. Қысқасы, бізді құл секілді жұмсап отыр. Кеше облыстан прокурорлар, өкімдік қызметкерлері келді. Бірақ компания иелері оларды көзге де іліп жатқан жоқ, — дейді Кәсіподақ ұйымының төрағасы Төлеген Жайназаров.

Өндіріс басындағы жұмысшылардың талабына байланысты «Аралтүз» АҚ-нан ресми мәлімдемесі сұратқан болса да, компания басшылары жұмысшылардың жалақысы аз деген кейбір бұқаралық ақпарат құралдары мен

әлеуметтік желілерде жарияланған ақпаратты теріске шығарды. Олардың айтуынша, жалақы жеті жыл ішінде 125 пайызға артқан.

— «Аралтүз» АҚ — Арал өңіріндегі 1 200-ден астам жергілікті халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін қала құраушы кәсіпорын. 2014 жылдан бастап қызметкерлердің жалақысы 6 есе өсті. 2021 жылғы I наурыздан бастап өндіріс қызметкерлерінің еңбекақысының өсуі бір қолға 12,5%-ды құрады. Сондай-ақ пандемия кезінде компания жұмыс орындарын қысқартпағанын және қызметкерлерді ақысыз демалысқа жібермегенін атап өткен жөн. Бүгінде Жақсықылыш кентіндегі «Аралтүз» АҚ өндіріс қызметкерлерінің орташа жалақысы бір қолға орташа есеппен 96 мың теңге. Компания басшылығы ереуілге шыққан қызметкерлердің талаптарын тындап, өз қызметкерлерін қолдауға ниет білдіре

отырып, 2021 жылғы I қыркүйектен бастап жалақыны 12,5%-ға және 2022 жылғы I қантардан бастап тағы 10% -ға көтеру туралы шешім қабылдады. Барлығы күнтізбелік жыл ішінде жалақыны шамамен 40%-ға арттыру жоспарда бар. Бұдан басқа, басшылық жыл соңына дейін қойылған жоспарды орындау шартымен Жақсықылыш кентінде жұмыс істейтін компанияның әрбір қызметкеріне 42 500 теңге мөлшерінде сыйлық-ақы төлеуге дайын. Алайда компания қызметкерлерінің бір бөлігі ұсынылған талаптар бойынша бірінші келісілген позицияға ие болмай, өндіріс жұмысының басталуына кедергі келтіреді, бұл жұмысқа шыққысы келетін қалған жұмысшының көпшілігіне теріс әсер етеді. Компания өз кезегінде Қызылорда облысы Арал ауданының прокуратурасына заңсыз ереуілді тоқтата тұру, сондай-ақ ереуілді жарамсыз деп тану туралы өтініш білдірді, — дейді «Аралтүз» АҚ вице-президенті Ғалымжан Сержанов.

Еліміздегі ірі өндіріс орындарының бірі «Аралтүз» АҚ 1925 жылдан бастап ас тұзын өндірумен айналысады. Компания өнімі тек Қазақстан аумағында ғана емес, ТМД елдерінде де жоғарғы сұранысқа ие. Өндірген өнімінің 75 пайызын өзге елдерге экспорттады. Жылына 500 тоннаға жуық тұз өндіретін «Аралтүз» акционерлік қоғамы өткен 2020 жылы салық пен өзге де шығындарын қоса есептегенде 9,9 млрд теңге табыс тапқан.

Ерканат СӨРСЕНБІҰЛЫ,  
Қызылорда облысы



## ҚАРАҒАНДЫ – Тәуелсіздік жылдарында

Өнеркәсібімен өрге жүзген Қарағанды облысы Тәуелсіздіктің 30 жылында айтарлықтай жетістікке жетті. Аймақта жаңа кәсіпорындар, туристік нысандар, жастар мен студенттер үшін мәдени және демалыс орындары пайда болды.

**ӨНДІРИСТЕ ДАМУ БАР**  
1991 жылдан бері облыстың негізгі капиталына 6 трлн теңгеге жуық инвестиция тартылды. Олардың көлемі 5,2 млн теңгеден 678,3 млрд теңгеге дейін өсті. Инвестициялардың 80%-дан астамы жеке жобаларға тиесілі, бұл ашықтық пен сенімге құрылған сәтті саясаттың бір дәлелі. Облыс экономикасының құрылымында негізгі үлесті (48,4%) өнеркәсіптік өндіріс алады. Оның негізін қара және түсті металлургия, тау-кен өндірісі, химия, машина жасау мен металл өңдеу, энергетика, құрылыс материалдарын өндіру, фармацевтика және басқа да көптеген 100-ден астам ірі және орта кәсіпорындар құрайды.

Өндіріс өңдеу өнеркәсібінің республика көлеміндегі үлес салмағы 17%-ға дейін өсті. Өнімдер әлемнің 49 еліне экспортталады. Мемлекеттік қолдаудың және тартылған инвестициялардың арқасында бұл өндіс бай минералдық-шикізат базасы бар аумақ қана емес, өнеркәсіптік, ғылыми-техникалық әлеуеті бар өңір.

**САРЫАРҚАДА СЕРПІН БАР**  
Қарағанды облысында «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылды. Онда 7 өндіріс орны жұмыс істейді, алдағы уақытта тағы 14 өндіріс іске

қосылады. «Сарыарқа» АЭА металлургия, металл бұйымдарын, машина, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіреді.

Осы уақыт ішінде іс жүзінде аймақта шағын және орта бизнес секторы дамыды. Оған бүгінде облыстың әрбір үшінші тұрғыны тартылған. Жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны бес есе ұлғайса, олар өндірген өнім көлемі 50 есеге өсіп, 1,5 трлн теңгеге жетті.

### ҚҰРЫЛЫС ТА ҚАРҚЫНДЫ

30 жыл ішінде облыстың қалалары мен аудандарының сәулеттік келбеті түбегейлі өзгерді. Жаңа заманауи нысандар мен жайлы тұрғын үйлер пайда болды. 61 мектеп, 22 балабақша салынды. Құрылыс жұмыстарының көлемі 1991 жылғы 2 млн теңгеден, 2020 жылы 466 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Осы кезеңде 8 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынды.

Тәуелсіздік елімізге жаңа астананы сыйлады. Оның дамуына Қарағанды облысының тұрғындары да үлкен үлес қосты. Қарағанды өңірінің құрылысшылары мен мамандары болашақ астананың бас жоспарын әзірлеуге қатысты.

Осы ретте біздің облысымыздың мүсіншілерінің, суретшілері мен сәулетшілерінің елор-

даның монументалды келбетін жасауға қатысқанын атап өткен жөн. Бұл — «Отан қорғаушылар», «Отан-Ана», ескерткіштері мен «Ұлытау» аллеясы.

### АУЫЛҒА ДА ҚОЛДАУ БАР

Жан-жақты мемлекеттік қолдаудың арқасында облыста ірі фермерлік шаруашылықтардың пұлы құрылды. Облыстың ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 8,2 миллиардтан 2020 жылы 400 млрд теңгеге дейін өсті.

Абай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров аудандары елорданың азық-түлік белдеуін қалыптастыруға лайықты үлес қосып жатыр.

Аталған аудандарда өткен жылы 6 бордақұлау алаңы салынды. 20 мың тонна ет және 4,6 мың тонна сүт өндірілді. 2020 жылы Бұқар жырау және Осакаров аудандарында 2 сүт-тауар фермасы салынса, биыл сүт Абай ауданында 1 сүт-тауар фермасының құрылысы басталады.

Бұл ретте аймағымыздың кәсіби кадрлары, мындаған жерлесіміз мемлекеттік органдарда, жоғары оқу орындарында, медициналық мекемелерде жұмыс істеп, бизнесті табысты жүргізіп жатқандарын атап өткен орынды.

Тәуелсіздіктің 30 жылы — мемлекет үшін қысқа мерзім, бірақ осы уақыт ішінде еркін және әлеуетті елде қазақстандықтардың жаңа буыны өсті.

Әдебиет БЕЛГҒАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

## Кәсіпкерлердің құқығын бұзғандар жазаланды

Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары — кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі мобильді топтың мүшесі Қанат Қабдиевтің айтуынша, өңірде кәсіпкерлердің жұмысына заңсыз кедергі келтіретін шенеуніктер баршылық. Облыста кәсіпкерлердің құқығын бұзғаны үшін осындай 15 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылыпты.

Жыл басынан бері «Атамекен» және прокуратура органдары өкілдерінен жасалған бизнестің құқықтарын қорғау жөніндегі мобильді топқа кәсіпкерлерінен 65 өтініш түскен. Оларда көрсетілген деректер бойынша анықталған заңбұзушылықтарды жою туралы 26 ұсыныс жасалып, алты наразылық келтірілген. Сондай-ақ жедел-ізделестіру іс-шаралары жүзеге асырылған.

Биыл 4 қыркүйектен бастап «Прокуратура туралы» заңға енгізілген түзетулер күшіне енді. Жаңа өзгерістерге сәйкес, прокурорларға кәсіпкерлердің ісіне мемлекеттік органдар тарапынан араласуға қатысты деректер бойынша өтініштерін қарау құзыреті берілді. Бұрынғы мұндай өтініштер уәкілетті органдарға жіберілетін. Ендігі жерде прокурорлар бизнес субъектілерінің шағымдарына қатысты жедел әрекет етіп, тексерулер жүргізеді. Қажетті ақпаратты өздері белгілеген мерзімде сұратады және түсініктеме алу үшін адамдарды шақыра алады. Бұларға қоса прокурорлар шоттарға, мүлкі пайдалануға негізсіз тыйым салу, қызметін тоқтата тұру, жұмысқа қатысты уақытша және өзге де заңсыз салынаған шектеу және тыйым салу сипатындағы шаралардың күшін дереу жою алады.

Мұндай деректер анықталған кезде прокурор олардың күшін жою туралы қаулы шығарады және қаулыны орындауға міндетті болады. Қаулыны орындамағаны үшін өкімшілік жауаптылық қарастырылған (ӘКБтК-нің 664-1-бабы — 30 АЕК-ке дейін айыппұл салуға өкпе соғалды).

«Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы мен прокуратурасының бірлескен жұмысы барысында 10 заңсыз актінің күші жойылды, 155 заңсыз тексеру



және бақылау анықталды, сондай-ақ 24 заңсыз тексеру жойылды. Кәсіпкерлердің құқықтарын бұзу бойынша 15 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. 20 бизнес субъектісін өкімшілік жауапкершілікке заңсыз тартуға жол берілмеді және жалпы сомасы 125 000 теңге болатын 125 өкімшілік қаулы жойылды. Жалпы, өңірдің 8 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары қорғалды», — деп атап өтті «Атамекен» ӨКП директорының орынбасары Қанат Қабдиев.

Облыс прокуратурасы жүргізген жедел іс-шаралар нәтижесінде 90 кәсіпкерден 17 млн теңге көлемінде пара алған тексеру комиссиясының қызметкерлері кезінде ұсталды. Сот үкімімен лауазымды тұлғалар кінәлі деп танылды. Сондай-ақ 717 жекеменшік балабақшаның жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері сәйкестендірілді. Мобильді топтың күшімен мемлекеттік сақтық алудың 23 қатысушысына тапсырыс берушілер тарапынан заңсыз қайтарылмаған кепілдік жарналар өндірілді. Санитарлық дәрігерлердің заңсыз қаулылары жойылды, қайта қаралды.

«Кәсіпкерлер жүргізілген соң, аудандар мен қалалардағы санитарлық дәрігерлердің қаулылары талқыланды. Соның нәтижесінде мобильді топ санитарлық дәрігерлердің бизнес құқығын бұзатын төрт карантин бұйрығын жойып, өзгертті. Тағы 20 шағын кәсіпкерлік субъектінің құқығын қорғап, полиция қызметкерлері тарапынан карантин шектеулерінің сақталуын заңсыз тексеру деректерін анықтадық», — дейді Алматы облысы прокуратурасының орынбасары Марат Әбдірахманов.

Алақөл ауданының білім беру ұйымдарында асханалар мен

буфеттерді жалға алатын кәсіпкерлердің ұжымдық өтініші де бизнес пайдасына шешілді. Белгілі болғандай, Ұлттық экономика министрінің пандемия кезінде мемлекеттік жылжымайтын мүлік объектісінің жалдау ақысын есептемеу туралы бұйрығына қарамастан, жергілікті атқарушы органдар 21 кәсіпкерден төлем алыпты. Аудан прокуратурасының ұсынысы бойынша артық төленген қаражат сомасы қосымша келісіммен 2021 жылға есептелді.

Бизнестің жүйелі проблемалық мәселелері кәсіпкерлік өкілдері мен уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен «Атамекен» ӨКП жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес алаңында белсенді қаралып, шешіліп жатыр.

Прокуратураның «Атамекен» бірлескен жұмысының нәтижесінде бизнестің үш проблемасы жүйелі мәселелер тізілімінен алыныпты. Қазіргі өңірлік және бір республикалық проблемалық мәселе қалған. Инфекциялық және провизорлық стационарлардың жұмысына тартылған медицина қызметкерлерін тасымалдау және орналастыру бойынша көрсетілген қызметтер үшін кәсіпкерлік субъектілеріне төлем жасауға қатысты мәселе кеңес отырысында қарастырылып, денсаулық сақтау мекемелерінің бизнес субъектілері ақпаратын берешегін өтеу пысықталды. Прокурорлық қадағалау актісі бойынша бизнес субъектілеріне тиісті қаражат толық көлемде төленді, кінәлі адамдарға қатысты жауапкершілік туралы мәселені тәртіптік комиссия қарайды.

Болат АБАҒАН,  
Алматы облысы



## Төрт боксшымыз чемпион

Ресейдің Қазан қаласында өтіп жатқан ТМД елдері арасындағы спорт ойындарында боксшылар бәсекесі мәресіне жетті.

Финалға шыққан қазақстандық 6 бұлғары қолғап шеберінің 4-і чемпион атанды. Ел құрамасынан Анита Адишева (48 келі) өзбекстандық Робияхон Бахтиёрованы, Виктория Байдукова (54 келі) ресейлік Эвита Аверьяновадан басым түсті. Ал 60 келідегі Ұлжан Сәрсенбек те өзбекстандық Мухлиса Тохированы қапы қалдырып кетті. Сондай-ақ ел құрамасынан ұлдар арасында финалға жолдама алған жалғыз боксшы Мырзахан Мәуленов (66 келі) беларусьтік Владислав Кузнецовтан мықты екенін көрсетті. Қазақстандық Бақыт Сейдіш (70 келі) пен Томирис Мырзақұл (52 келі) финалда қарсыластарына жол берді. Алғашқысы өзбекстандық Ойша Тоироваға, екіншісі ресейлік Анастасия Коольге

есе жіберді. Қола жүлдеге қол жеткізгендер қатарында Жанарбек Ізбасаров (44-46 келі), Ислам Машкентаев (48 келі), Сұңғат Расулов (50 келі), Нұрислам Қалдыбаев (52 келі), Мадияр Отар (54 келі), Ерасыл Мұстафинов (57 келі), Ерсултан Төлеген (60 келі), Әділ Қасымов (63 келі), Әлихан Өмірбеков (70 келі), Батырхан Сейтенов (75 келі), Нұрасыл Бауыржан (80 келі), Дельфина Әбілхан (44-46 келі), Карина Тоқубай (50 келі), Аружан Жаңабая (66 келі), Назерке Рысбай (80 келі) бар.

Жалпы командалық есепте үшінші орынға ие болды. Ал Ресей 15 медальмен бірінші орынға шықса, Өзбекстан 7 алтын еншіледі.

А. ЖАНАСЫЛ

## 100 спортшы бақ сынайды

13 қыркүйекте елордадағы «Дәулет» теннис орталығында ерлер және әйелдер арасында Қазақстан чемпионаты басталады.

Қазақстан теннис федерациясы мәлім еткендей, ел біріншілігіне 100-ден астам спортшы қатысып, бақ сынайды. Чемпионаттың биылғы ерекшелігі, онда еліміздің маңдайалды теннисшілері өнер көрсетеді. Атап айтқанда, Дмитрий Попко, Тимофей Скотов, Денис Евсеев, Бейбіт Жукаев, Григорий Ломакин, Достанбек Ташболатов, Тимур Хабибуллин, Гөзал Айнитдинова, Жібек Құлабаева, Екатерина Дмитриченко, Софья Чурсина, Татьяна Николенко, Аружан Сағындықова және басқалар қортқа шығады. Айрықша атап өтетін жәйт, ерлер және әйелдер арасында жекелей сын жеңімпаздары Astana Open ATP 250 мен WTA 250 турнирлеріне арнайы шақырту алып, 7 мың АҚШ доллары көлемінде грантка қол жеткізеді.

Айбике ЖАНАСЫЛ

## Ұлттық құрамаға – жаңа бапкер



Қазақстан бокс федерациясы ұлттық құрамаға жаңа бапкерлердің тағайындалғанын хабарлады. Енді ерлер құрамасын Қайрат Сәтжанов жаттықтырады. Бұған дейін ұлттық құраманың бас бапкері болған Ғалым Кенжебаев өз еркімен отставкаға кетті.

Қайрат Сәтжанов 31 жыл бойы бапкерлік қызмет атқарған. Ол алдымен бокстан Қазақстан жасөспірімдер құрамасын жаттықтырған. Соңғы екі жылда Қазақстан жастар құрамасының аға жаттықтырушысы болды.

Ал бокстан Қазақстан әйелдер құрамасына бас бапкер болып Шамил Сафиуллин келді. Алдыңғы бапкер Ерік Алғабек ұлттық құраманы 2019 жылдан бері жаттықтырған. Шамил Сафиуллин Қазақстанда да, шетелде де жұмыс істеген. Оның бапкерлік өтілі – 25 жыл. 2018 жылдан бастап ол Қазақстан әйелдер құрамасының аға жаттықтырушысы болып жұмыс істеді.

Гүл БЕКЗАТ

# Қарызы көп «Астана» ЕУРОКУБОКСІЗ ҚАЛА МА?

Елордалық «Астана» футбол клубының басына қара бұлт үйірілді. Қазақстанның алты дүркін чемпионы соңғы екі жылда 4,2 млрд теңге қарызға батқан. Клуб басшылығы 2016 және 2020 жылдар аралығындағы қарыздарын 8 қазанға дейін төлемеген жағдайда келесі жылы еурокубоктік ойындарға қатысу құқығынан айырылуы мүмкін. Жанкүйерлердің дені «Астананың» осы миллиардтаған қарызды уақытылы төлемегеніне алаңдаулы.

Абылайхан ЖҰМАШ

Жақында Мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожабапановтың «Астана» футбол клубындағы бірқатар мәселе жөнінде сұхбат берген болатын. Сол сұхбатта вице-министр «Астана» футбол клубында аудиттік тексерістің жүріп жатқанын айтты. Сондай-ақ ол клубта кредиторлық берешектің жинақталып қалу себептерін де атап өтті.

Ал 3 қыркүйекте «Астана» футбол клубының қаржылық жағдайы жайлы мәлімдемесі елордалық клубтың ресми сайтында жарияланды. Онда: «Астана» футбол клубының басшылығы «Туризм және спорт индустриясын қолдау қорымен» бірлесіп қазір қаржылық берешектерді жою бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Клуб осы мәселені шешуге ниетті, оның мәртебесі бүгінде ең басым мәселелердің бірі саналады. «Астана» ФК қажетті қаражат клубқа уақытылы түсетін және басшылық жағдайдың қаржылық мониторингін жүргізетінін мәлімдейді. Команда ішкі чемпионатта және халықаралық аренада өз өнерлерін жалғастырады. Баспасөз қызметі клубтың ресми сайтындағы ары қарайғы ақпаратты қалағалауды сұрайды, — деп жазылған.

Бұл мәселеге қатысты пікір білдірген Туризм және спорт индустриясын қолдау қорының директоры Асхат Сейсембектің айтуынша, «Астана» кәсіпқой спорт клубының алдағы тағдыры бойынша түпкілікті шешім 2021 жылдың соңына қарай қабылданбақ екен.

— Бұл қарыздар бойынша жақын уақытта толыққанды ақпарат беріледі. Квазимемлекеттік қаражат болғандықтан, халық мұндай қарыздың қалай және неліктен пайда болғанын білуі керек деп ойлаймын. Ал «Барыс» хоккей клубы мен «Астана» баскетбол клубына келетін болсақ, оларда жұмыс механизмі ретке келтірілген. Бұл футболдардың ұлттаралық лигаларда өнер көрсететінін білесіздер. Сондықтан аталмыш командалар Қазақстанның ішкі стандарттарына ғана



емес, ұлттаралық лигалардың да стандарттарына толық сәйкес келеді, — дейді ол.

Осы орайда естеріңізге сала кетейік, 2020 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіби клубтарды қаржыландыруды қысқартуды және бюджетті бұқаралық спортты дамытуға бағыттауды ұсынған болатын. Кейіннен денешынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс қаражатты бөлудің бірінші операторы ретінде Қазақстан Туризм және спорт индустриясын қолдау қоры (Sport Qory) бекітілді. Ал 2021 жылдың жазында қордың қарамағына құрамына «Аста-

на» футбол клубы, «Астана» баскетбол клубы, «Астана» велокомандасы және «Барыс» хоккей клубы кіретін «Астана» кәсіпқой спорт клубы берілді. Бұл көпденгейлі қаржыландыру режимінен арғылу үшін жасалған шешім болды. Ал «Астана» КСК-ның тағдыры ғаламторда ғана емес, әлі күнге дейін ресми кабинеттер мен ведомстволарда да қызу талқыланып жатыр.

Жалпы, елордалық клубтың 2021 жылға арналған бюджеті 5 млрд теңгені құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 55 пайызға аз. Мұны «Астана» командасының жаңа маусым алдында бірқатар қалталы легионермен коштасып, жылдық бюджетті үнемдеп, қарыздарын жабуға кіріскенінен байқауға болады. Осындай кадамға бару арқылы клуб бірқатар қарызынан құтылғанымен, қалған 4,2 млрд теңгені төлеп үлгермеген. Біз оны жоғарыда да атап өттік. Бірер күнде сол қарыз мәселесі шешімін тапса, клуб жанкүйерлерінің де үрей мен күдігі сейілер. Көңілге медеу болары, келесі жылы клуб шығындарының қысқартыны жер-жерде айтылып жүр. Бұдан былай «Астана» сияқты команданың қаржыландырылуы мен болашағы клубтың менеджерлік қабілеттілігіне тікелей байланысты болмақ. Бастысы еурокубоктік ойындардан шет қалмаса болғаны. Біз де Қазақстан Премьерлигасында жыл сайын жүлделі орындарға таласып жүрген, талай рет еуродоларға қатысып ел мерейін асқақтатқан еліміздегі үздік командалардың бірі «Астана» бұл кедергілерді де артқа тастап, жанкүйерлерін қуанышты жаңалықтарымен қуантады деген ойдамыз.

## Чемпионат мәреге жетті

Қарағанды қаласындағы Шахтер стадионында жалауын желбіреткен, өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша ерлер арасында XVI және әйелдер арасында VII Әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. 16 мемлекет бақ сынаған дүбірлі додада Қазақстан жауынгерлік қанат жауда суырылып алға шықты. Осылайша, Қарағанды құрамасы ел тарихындағы қайталанбас қуанышқа ие болды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша әлем чемпионаттарын өткізу әлемнің түрлі елінің спорт ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, өрт сөндіру-құтқару қызметтерінің қызметкерлері мен олардың кәсіби және жауынгерлік даярлығын, спорттық шеберлігін жетілдіруге, өрт-құтқару спорты одан әрі дамытуға және әлемдік ауқымда насихаттауға бағытталған. Сондай-ақ



өрт оқиғасы тіркелген жағдайда өрт сөндірушілердің ширақтығымен тез шешім қабылдау әрекеттерін бағамдайды.

Спортшылар шабуыл сатысымен көтерілуден, 100 метрлік кедергілер жолағынан өтуден, жауынгерлік қанат жаудан және 4 метрден 100 метрге дейінгі өрт эстафетасын жарысты. Қазақстан құрамасы құрамынан 9 ер

адам және 5 әйел спортшы жанын сала сайысты.

Ерлер командалары арасындағы жарыста жауынгерлік қанат жаудан I орын 25,55 секунд нәтижесімен Қазақстан құрама командасының қанжығасына байланды. Чех Республикасының командасы 26,85 секунд нәтижесімен II орынға табан тіресе, III орын 27,14 секунд нәтижесімен Аустрия

Республикасының құрамасына бұйырды.

Ал әйелдер құрамасының жеңісін 26,35 секунд нәтижесімен Чех елінің спортшылары еншіледі. II орынды 26,67 секунд нәтижесімен Беларусь Республикасы командасы алды. Үздік үштікті 27,04 секунд нәтижесімен Қазақстан спортшылары түйінделді.

Жеке және командалық сынақтың жеңімпаздары медальдармен, дипломдармен және бағалы сыйлықтармен, жеңімпаз командалар кубоктармен марапатталды.

Өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша келесі Әлем чемпионаты 2022 жылы Өзбекстан Республикасының Самарқанд қаласында өтеді деп жоспарланған. Қазақстан құрамасы өзбекстандық әріптестеріне Өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың халықаралық спорт федерациясының туын табыс етті.

Қарағанды облысы